Грамматикалық жаттығулар. Қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту әдістемесінде грамматикалық материалдарды ықшамдап беріп, арнайы алгоритмдеген формамен оқытылады. Қазақ тілін өзге аудиторияда оқытуда бұл әдіс тіл үйренушілердің қазақ тілінің жалғамалы аффикстерінің белгілі бір жүйесіне, сөйлем құрылышына жеңіл әрі тезірек жаттығуына жағдай жасайды. Қазақ сөйлемдерінің арнайы модельдерін жасау арқылы тіл үйренушіні алғашқы кезеңнен бастап-ақ қазақ тілі грамматикасының жұмыс істеу ұстанымдарымен таныстырып, бірден дұрыс және дағдылы түрде қолдана білуге үйретеді. Сөйлем модельдерін, ондағы сез бен сөздің байланысу жолдарын дұрыс түсінген тіл үйренуші жинаған білімін шынайы ортада (өз деңгейіне сәйкес) еркін тілдік қарым-қатынаса түссе алады.

Синтаксистік жаттығулар. Синтаксистік жаттығуларға сез тіркесі, жай сөйлем түрлері, құрамалас сөйлем түрлері мен пунктуацияға байланысты жаттығулар жатады. Жаттығу жұмыстарының барысында тіл үйренушулардың білімдері бекіп, өз беттерімен жұмыс жасау дағдылары қалыптасады, яғни зейін қойып тыңдай білу, сұрақ қоя білу, қажетті деректерді оқулықтан, сөздіктен таба алуға үйренеді.

Сабакта тіл үйренушілерді сөйлеуге дағыландыру үшін пайдаланылатын басты материал – мәтін. Тіл үйренушілер заттың атын, белгісін, қымыл әрекетін, жай – күйін білдіретін сөздермен ғана танысып қоймайды, сол сөздерді пайдаланып, сөйлем құрауға үйренеді. Сөздер сөйлемде фонетикалық, грамматикалық құбылыстарға түседі, олар белгілі бір ережеге байланысты түсіндіріліп, өткен материалдар қайталанады.

Жазу жұмыстарының ішінде диктанттардың маңызы зор.

Диктант жазу талаптары:

1. Диктанттың өткізілетін түрі екі-үш күн бұрын тіл үйренушіге айтылып, олардың қалай дайындалуы керек екендігі (қайталау, жаттау, т.б.) ескеrtіледі.

2. Диктант үшін ұсынылатын мәтіндер орфографиялық түрғыдан таныс, яғни өткен сабак материалдары негізінде алынады. Егер мәтін құрамында өтілмеген емле, тыныс белгілері немесе айтылуы мен жазылуы қын сөздер кездессе, олар түсіндіріліп, тақтаға жазылады.

3. Диктанттың қай түрі болсын мәтін орфоэпиялық заңға сүйеніп, кідіріс (пауза) жасап, негізінен үш рет оқылады.

4. Мәтінді жазбас бұрын тіл үйренушілерге оны бар ынта-зейінімен тыңдал, мазмұны бойынша жазу, ауыр тиетін сөздерді қадағалап отыру тапсырылады.

5. Оқылған дыбыс, буын, сез және сөйлемнің мән-мағынасын түсініп, іштей қайталап, қалай жазылатынын еске түсірген соң барып жазуға кіріскең жөн. Шала естіп, мағына, мазмұнын түсінбей қалған тіл үйренуші оқытушының екінші рет оқуын күтеді. Оқытушы мәтінді ең баяу жазатын тіл үйренушінің үлгеріп жазу жылдамдығын сақтап оқиды. Диктант түрлеріне тоқтала кетейік. Үйрету, әріп, буын, сез, сөйлем, түсіндірмелі, өздік, шығармашылық, сөздік, терме, ескеrtу, бақылау сияқты диктант түрлері бар. Өрбір диктант

түрінің жазу дағдысын дамытуға өзіндік ерекшелігі, тиімділігі, мақсаты мен міндеттері бар. Бұған кейінрек оралайық.

Ендігі жазба жұмыстарының бірі *мазмұндамаға тоқталайық*. Мазмұндама жұмыстары тіл үйренушілердің психикалық процесстерін (түйсік, қабылдау, зейін, ес, ойлау, қиял, сезім, ерік) қүштейтеді, өсіресе ой қызыметінің белсенділігін арттырып, мидың үлкен жарты шарлар қабығында өтіп жататын анализдеу, синтездеу әрекетін тудырады. Мәтінді алдын-ала синтездеу жұмысына ерекше назар аударған жөн. Өйткені мәтінді алдын-ала синтездеудің, яғни жазбас бұрын мәтінді жобалап алудың, қате жібермеу үшін де тигізер пайдасы мол. Жазу процесстерінің аналитикалық жағы неден көрінеді десек, ол әңгімеленгелі отырған уақыға сай келетін сөздерді таңдал алу, аналитикалық процеске жатады, ал осы сөздерді мәтіннің ішіне енгізу синтетикалық процесс болып есептеледі. Субъектілер мен предикаттарды және заттың белгілерін көрсететін сөзді іріктеп алу анализ болса, ал синтез – осыларды сөйлемнің ішінде орын-орнына қойып орналастыру болады. Мәтінді бірнеше бөлімге бөлу анализ болса, ал синтез – сол бөлімдерді бір-бірімен жалғастыру. Мәтінге жоспар жасау жұмысы кезінде анализ іске асса, синтез сол жасалған жоспар бойынша, құрастырып айту, не жазып беру жұмысы болып саналады.

Тіл үйренушінің жазған мазмұндама мәтініне мынадай талап қойылуы тиіс:

- 1) тіл үйренушінің өз ойы болуы;
- 2) өз жанынан қосымша оқиға қосуы;
- 3) өздігінен қорытынды жасауы;
- 4) мәтін формасын өзгерте мазмұндау, яғни I жақ, осы шақ формасындағы мәтінді, III жақ, өткен шақ формасында немесе керісінше мазмұндауы;
- 5) қысқарта мазмұндау, яғни, берілген мәтіннің тек түйінді, негізгі мәселелерін ғана мазмұндау, қажетсіз деп табылған детальдарды қысқартуы;
- 6) кеңейте мазмұндау, яғни мәтін мазмұнына байланысты дәйексөз (цитата) және эпиграф келтіре отырып мазмұндауы;
- 7) берілген мәтін мазмұнына лайықты ой қорытындысын жасауы.

Мазмұндама жаздыру арқылы оқушылардың тілдік материалды орынды қолдана білуге, жазбаша сөйлеудің ерекшелігін, мәтіннің синтаксистік құрылышын менгертуге, ең басты қайта жасау қиялын дамытуға ігі ықпал етеді. Осындай білім дағдыларын қалыптастыруда әдіскерлер Бегман Ысқақ және Эльмира Оразбаева мазмұндаманың мынандай түрлерін ұсынады:

1. Дайын мәтін бойынша мазмұндама;
2. Сурет бойынша мазмұндама;
3. Аяқталмаған мәтін бойынша мазмұндама.

Шығарма жазу жұмыстары.

Тіл үйренуші тапсырманы өзі орындауы керек. Тіл үйренушінің ойланып, нақты нәтижеге жетуін қадағалау-оқытушының басты міндеті. Жазба жұмысынан тіл үйренушінің ой өрісі, білімі, сауаты көрініп отырады. Ауызша жауапта тіл үйренуші білімін толық көрсете алмауы мүмкін, ал жазба жұмыстың ішіндегі ең бір толыққанды, тіл үйренуші білімінің нәтижесін толық тексеруге мүмкіндік беретіні шығарма жұмысы.

Шығарма түрлеріне келетін болсақ, олар: *еркін шығарма, оқушының іс-әрекетіне байланысты шығарма, өнер саласына байланысты шығарма, сурет, фильм (диафильм), экскурсия бойынша шығарма, оқыған, естіген әңгімелеріне байланысты шығармалар.*

Шығарма – тіл үйренушінің білім деңгейін көрсететін творчестволық жұмыс. Бұндай жұмыстар оқушыларға кең ойлауға, ойын дәлелдей алуға, өзіндік көзқарасын нақтылауға үйретеді.

Келесі жазу жұмысының түрі *мақала жазу*. Мақала – газет жанрының кең таралған түрі. Мақала жазу үшін оған шеберлік керек. Корреспонденция оқиғаны болған жері мен уақытымен шектелсек, мақала кең ауқымды мәселелерді қамтиды. Онда автордың өзіндік пікірі байқалады. Мақала жазудағы журналистің мақсаты – нақты факт, дәлел келтіре

отырып, ақпаратты оқырманға, бұқараға жеткізу. Автордың көрген оқиғаны қалың бұқараға дұрыс жеткізуі, бұл оқиғаға өз пікірін, көзқарасын білдіруі, мәселені дұрыс бағалауы – оның шеберлігі болса керек. Мақала кең ауқымдылықты талап етеді. Мақалалар тақырып жағынан мынандай топтарға бөлінеді: экономика, саясат, этика, өнер, әдебиет, халықаралық жаналықтар т.б. Қорыта келгенде, мақала дегеніміз – белгілі бір газете, журналда жарияланатын ғылыми – публицистикалық көлемі шағын шығарма. Мақала жазу үшін окушы қаншама ғылыми еңбектермен танысады, әрі сол еңбектерді талдап, өзіндік көзқарас, пікір қалыптастырады. Пікірін дәлелдеу үшін материалдарды орынды пайдалануға үйренеді. Бір мәселенің төнірегіндегі кереғар пікірлермен танысып, оның қайсысы шындыққа жана сымдылығын пайымдайды.

Рецензия жазу жұмыстары.

Рецензия (пікір) - көркем өнер немесе әдебиет сынының жанры, көркем шығарманы талдап, баға беру, пікір қорыту. Әдеби рецензиямен қатар театр спектакліне, кинофильмге, концертке баға беретін рецензиялар да бар.

Рецензия мақалаға үқсас келеді, бірақ екеуінің елеулі айырмашылығы бар. Мақалада қоғам өмірінен алғынған құбылыстар мен әдеби мәселелер қарастырылатын болса, рецензияда негізінен нақтылы көркем шығарманың мәні, мазмұны, бейнелеу өзгешелігі сөз болады. Талданып отырған шығармаға баға беріліп, сол шығармада баяндалған өмір құбылысына сыншылық көзқарас білдіріледі.

Бағдарлама бойынша жоғары деңгейдегі тіл үйренушілерге рецензия жазу тапсырмалары беріледі. Олар рецензия жайында мәлімет ала отырып, қазақ тілінде рецензиялар жаза алуға үйренеді.

ӘДЕБИЕТ

- 1.Ломтев Т.П. Язык и речь. Вестник МГУ. Филология. Журналистика. С.200.
2. Пассов Е.И. Основы методики обучения иностранным языкам. – М.: издательство Русский язык, 1977, С.300.
3. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас : теориясы мен әдістемесі. – Алматы: РБК, 2000.

ОҚУШЫ ҮНТАСЫН АРТТЫРУДА АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ

А.М. Жұмабаева
Е.С. Трусбаева

Аннотация. В статье показаны особенности влияния информационно-коммуникационных технологий на учебную мотивацию учащихся, способы повышения качества использования ИКТ в групповых работах, в презентациях индивидуальных достижений перед малой группой. Также анализированы эффективность экспериментальных занятий, проведенных на курсах повышения квалификации третьего базового уровня.

Қазіргі еліміздің білім беру саласының алдына қойып отырған бірінші кезектегі міндеттері ұлттың бәсекелестік қабілеттерін арттыру және әлемдік білім кеңістігіне толығымен ену, сол сияқты білім беру жүйесін халықаралық деңгейге көтеру үшін білім беру үдерісіне ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың жетістіктерін енгізу, электрондық оқулықтар мен мультимедиялық бағдарламаларды тиімді және кеңінен қолдану, елдегі ақпараттық инфрақұрылымды әлемдік білім берумен ықпалдастыру, білім беру үйимдарының байланыстарын нығайту болып табылады. Сонымен бірге ақпараттық

технологиялардың аса жоғары қарқынмен дамуы мұғалімнің кәсіби іс-әрекетін өзгертуді, яғни, мұғалімдердің өз қызметінде жаңа ақпараттық технологияларды қолдана білуге дайындығы мәселесін алға қойып отыр.

Еліміздің білім беру саласында жаңа ақпараттық технологияларды менгерген мамандарға деген сұраныстың артуы және оларды даярлаудағы кәсіптік, әрі ақпараттық білімділігі мен қабілеттілігі, біліктілігінің талапқа сай болуы өте үлкен маңызды жұмыстарды атқаруды талап етеді және педагогтардың кәсіби даярлығын білім беру стандарттарына, білім мазмұнына сай жетілдіру көкейкесті мәселе болып отыр. Г.Е. Санай мектепте инновациялық білім беру технологияларын жүзеге асыруға мұғалімдердің дайындығын қалыптастыруды теориялық негіздесе [1], Е.Ы. Бидайбеков білім беруді ақпараттандыруды [2], В.А.К риворучко информатика мұғалімдерін қайта дайындаудың инновациялық технологияларын [3], А.З. Тұрсынбаев оқушылардың жетістікке ұмтылуы үшін болашақ мұғалімдерді компьютерлік технологияларды қолдануға дайындығын қалыптастыру ерекшеліктерін [4], С.М. Кенесбаев жоғары педагогикалық білім беруде болашақ мұғалімдерді жаңа ақпараттық технологияларды пайдалана білуге даярлаудың педагогикалық негіздерін [5, 24] қарастырган. Осы және басқа да зерттеулер жаңа формация мұғаліміне қойылып отырган талаптардың бірі ақпараттық-коммуникациялық технологияны кеңінен менгеруді көздейді. Яғни, басты мақсат – қоғамның ақпараттану, жаһандану кезеңінде қажет ақпаратты алып, шапшаң өндеп, пайдалана біletін, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны тәрбиелуе. АҚТ міндеті – оқушылардың білімге қызығушылығын арттыру, ізденімпаздыққа баулу. АҚТ оқу үдерісінде компьютерлерді пайдалануға, модельдеуге, слайдтар мен презентацияларды жасауға, электрондық оқулықтар мен интерактивті тақтандыруға, интернетпен, аудио және видео материалдармен, байланыс құралдарымен (үялы телефон) жұмыс жасауға негізделеді.

Электрондық оқулықта теориялық материалдар қарапайым тілде, өте түсінікті түрде берілген. Оқушыларға ыңғайлы болуы үшін орындалатын іс-әрекеттер суреттермен қоса берілген. Яғни, электрондық оқулықта тақырып бойынша пәннің өзекті білімдері [6, 62]. Қазіргі таңда кеңінен қолданылып жүрген электрондық оқулықтар білімді ақпараттандыруға, оқушылардың білім сапасын арттыруға және болашақ ұрпақтың кәсіптік білімділігін күштейтуге негізделген. Электрондық оқулық арқылы оқушылардың өздерін қатыстыра отырып қазақ хандығының өрлеуін, ішкі қоғамдық қатынастар мен сыртқы саясатты қазақ мемлекетін нығайтуда билік құрған хандардың саясатын, қазақ хандығының жауларынан қорғана отырып, дамуын түсіндірді. Әрбір берілген материал нақты салыстырмалы дәлелдеулермен және тың деректермен, өмірмен байланыстыра отырып түсіндірілді. Бұл жерде мұғалімнің пәннің білімдерімен қатар негізгі педагогикалық білім деңгейі де жоғары болуы керек. Педагогикалық білімдер – білім берудің жалпы негіздерін, білім беру мақсаты мен міндеттерін білуге негізделетін оқу мен оқыту үдерістері, тәжірибесі мен әдістері туралы терең білімділік [6, 63].

Технологиялық білімдер – оқытудың қосалқы құралдары (бейне, желілік материалдар, сандық бұқаралық ақпарат құралдары және т.б.) туралы білім. Бұл білімдер технологиялық құрылғылар саласындағы жеткілікті хабардарлықты да, оларды басқару үшін қажетті дағдыларға ие болуды да мензейді. Сандық технологияларға қатысты алғанда осы білімдер операциялық жүйелер және компьютерлік аппараттық құралдарды білуді, сондай-ақ мәтіндерді тери мен түзетуге, электронды кестелер құруға мүмкіндік беретін бағдарламалық құралдардың стандартты жиынтығын, браузерлер мен электронды поштаны пайдалана алу қабілеті болып табылады. Оның үстіне, технологиялық білімдер құрамына перифериялық құрылғыларды орнату және алып тастауды, бағдарламалық жабдықтау жүйелерін, құжаттарды құру және мұрағаттауды т.б. білу кіреді [6, 64]. Сабақ соңында оқушылар жеке компьютерлерге отырып жаңа тақырыпты қаншалықты менгергендігін тексеру мақсатында «Тест жүйесін (TMS)» жүргізу технологиясымен тақырып бойынша дайындалған тестерге

жауап беру арқылы әрқайсысы жеке электрондық білім сапасының мүмкіндіктерін анықтады. Бұл оқушылардың білімін бағалауға мүмкіндік беріп, бағалар қорын көбейтуге ықпал етеді. Оқушылардың үлкен ізденіспен жұмыс жасауды түгізді. Электрондық оқулықтардың оку үрдісінде маңызы зор. Электрондық оқулықтарды пайдалану оқушылардың танымдық белсенділіктерін арттырып, логикалық ойлауды жүйесін қалыптастырып шығармашылықпен, ізденіспен жұмыс жасауда себепкер болады.

Жоғарыда көрсетілген теорияның дәлелі ретінде үшінші деңгейлі курстың тәжірибелі кезеңінде жүргізілген сабактардан мысал келтіруге болады.

«Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығы» тақырыбындағы сабактың қысқа мерзімді жоспарын дайындауда барысында мұғалім езіне «тақырыпты оқушыларға қалай түсінікті және анық етіп беруге болады?» және «оқушыларды қалай оқыту керектігін үйретуге болады?» деген сұрақтарды қоя бастады. Осы сұрақтардың бір шешімі ретінде сабакта ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді пайдаланудың жолдарын іздейстіріле бастады.

Біріншіден, Абай Құнанбайұлы туралы мәліметтерді жинақтауда интернет желісін пайдаланып, слайдтық көрсетілім дайындауды. Бұл көрсетілім тек сабактың мазмұнын ғана ашып қоймай, сонымен қатар сабакта пайдаланған әдіс-тәсілдерді де тиімді жүргізуге негіз болды. Көбіне мұғалімдер презентацияның ақпарат беретін көрнекілігін ғана назарға алады да, жасырын сұрақ, топтарды жарыстыруды ынталандыру анимацияларын қолдануға мән бермей жатады. Есте сақтарлық нәрсе – мұғалім презентацияның жетегінде кетпей, презентация мұғалімнің жетегінде жүрүі керек.

Сабак барысында интернет желісін пайдалану арқылы көптеген мәліметтер алуға болатынын оқушылармен талқылаған соң, олар қосымша мәліметтерді өздері іздең табатынын ескертті. Ал сабак барысында АКТ-ның көмегімен жоспарланған тапсырмаларды орындау женіл болды. Таң қаларлығы сонда, келесі сабакта оқушылар өздері интернет желісінен Абай Құнанбайұлы туралы көптеген мәліметтер мен суреттер жинақтап келді. Бұдан егер оқушыларды қызықтырып, ынталандыра білсек, олар өздері-ақ қалай оку керектігін шешетіні айқын болады.

Екіншіден, сабакта электронды оқулықты қолданғанда оқушылардың тапсырманы «Топтастыру» әдісі бойынша орындаудың үлкен мән беру керек. Тапсырма барысында бір топтың оқушылары үялы телефонды пайдаланып, интернет желісінен керекті ақпаратты алып, жариялады. Бұнда балалар үялы телефонның тек сөйлесу, хат алмасу үшін ғана емес, түрлі керекті материалдарды еш қындықсыз алуға болатынын түсінді. Әр бала ақпараттық-коммуникациялық құралдарды (фотоаппарат, үялы телефон, видео құрылғыларды т.б.) әр сабакта түрліше қолданатын болса, біздің оқушыларымыздың білім сапасы артпаса кемімейді.

Бұл сабак оқушылардың өз бетінше шығармашылықпен айналысуына үлкен мүмкіндіктер берді. Қазіргі ақпараттық құрылғылар заманында біздің өскелен ұрпағымызға да керегі – осы.

Осы жоғарыда жүргізген сабактарым бойынша менің түйген ойым:

1. АКТ қолдану арқылы уақытты үнемдеуге болады;
2. Негізгі оқулықпен салыстырмалы түрде нақты ақпарат беріледі яғни, кәдімгі оқулықтар мазмұнын қайтalamайды;
3. Электронды оқулықтар мұғалімнің сабакқа артық дайындалуын қажет етпейді;
4. Оқушылар өздерін басқа қырынан көрсете білді;
5. Үялы телефонның түрлі функцияларын білді және әлі де ашу керек мүмкіндіктерінің ашуға тырысты;
6. Кейбір тақырыптарға қатысты материалдарды интернет желісінен еш қындықсыз таба білді;
7. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артады;

8. Сабақты иллюстрациялық материалдармен жабдықтауға көмектеседі яғни, көрнекі құралдарға деген қажеттілікті азайтады;
9. Теориялық материалды окушының өз бетімен оқып үйренуіне, зерттеуге мүмкіндік береді;
10. Тез арада кері байланыс болуын қамтамасыз етеді;
11. Окушының білім, білік, дағдыларын жеке тақырыптар бойынша тест арқылы тексеріп, бағалауға мүмкіндік берді;
12. Сабақта өз бетімен әртүрлі деңгейлі (Б.Блум таксономиясы бойынша) шығармашылық тапсырмалар орындауға мүмкіндік берді.

АКТ негізінде оқытуда демонстрациялық әдіс міндетті түрде қолданылады. Көрнекілік әдісі оқыту сапасын арттырады. Жарияланым окушыларды сыныптастарының алдында қысылмай сөйлеуге баулиды. Ол арқылы балалардың шешендік қабілеті ашылып, коммуникативтік құзыреттілігі артады.

Қорыта келе, компьютер және интерактивті құралдарды қолдану арқылы үйымдастырылған оқыту үдерісі – окушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстар мен заңдылықтарды табуға, нәтижесінде өздерінің шығармашылық мүмкіндіктерінің, ынтасының артуына, ақпараттық құзыреттіліктерінің қалыптасуына мүмкіндік туындауды.

ӘДЕБИЕТ

1. Санай Г.Е. Педагогические условия формирования готовности учителя к реализации инновационных технологий обучения: автореф. канд. пед. наук: 13.00.01. –Шымкент, 2005. – 29 с.
2. Бидайбеков Е.Ы. Информатизация образования в Казахстане. –Алматы: изд. АГУ, 1998. – 26 с.
3. Криворучко В.А. Инновационные технологии переподготовки учителей информатики: автореф. канд. пед. наук: 13.00.01. – Караганды, 2004. -28 с.
4. Турсынбаев А.З. Особенности формирования готовности будущих учителей к использованию компьютерных технологий для успешной деятельности учащихся: автореф. канд. пед. наук: 13.00.01.– Алматы, 2005. – 27 с.
5. Кеңесбаев С.М. Жоғары педагогикалық білім беруде болашақ мұғалімдерді жаңа ақпараттық технологияларды пайдалана білуге даярлаудың педагогикалық негіздері: пед. ғыл. докторы автореф.: 13.00.08. –Түркістан, 2006. – 47 б.
6. Мұғалімге арналған нұсқаулық /Үшінші (негізгі) деңгей, «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ББДҰ, (2012). – www.cpm.kz

ОРЫС ТІЛІН ШЕТ ТІЛ РЕТИНДЕ ОҚИТЫН СТУДЕНТТЕРДІ ОҚУҒА ҮЙРЕТУ

Е.Р. Игнатова
Д.С. Толмачева
Г.Ә. Машинбаева

Ignatova H.R., Tolmacheva D.C., Machinbayeva G.A.

Abstract. The modern problems of teaching to reading of the foreign students studying Russian as foreign are considered in the article.

Оқуға үйрету шетелдіктерді орыс тілін үйретуде маңызды орын алады. Оқуға үйретудің инновациялық әдістері студенттердің техникалық даму ғасырында білім беру үдерісінде оқу қандай рөлді ойнайтынын нақты түсіне білуімен байланысты. Компьютерді қолдану студенттерге ақпараттар ағынына өте үлкен жол ашып берді. Студент тек ғана оқуды үйреніп қоймай, сондай-ақ оны саналы түрде жүзеге асыра білуі тиіс, қажетті мақсаттарды ескере отырып, мәтінмен жұмыс істей білуі керек.

Оқылым келесі міндеттерді атқарады: 1) өзіндік жұмыс біліктілігін дағдыландырады; 2) мәтін тыңдау, сөйлеу және түсініп тыңдау негізі болып табылады; 3) жаңа кітаптарға деген қызығушылық дағдысын қалыптастырады; 4) тәрбиелік тапсырмаларды (дүниетаным, адамгершілік құндылықтарды) шешеді; 5) білім ауда маңызды рөл алады.

Орыс тілінің көптеген оку құралдарының авторы С.А. Хавронина орыс тіліне оқудың барлық кезеңін «оқу кезеңдеріне» бөледі. Бұл бастапқы, орта және жетілдірілген. Дайындық факультетінің бағдарламасында окуға қойылатын жалпы талаптар бар. Оқудың әрбір кезеңі үшін алға қойылған міндеттер ескеріле отырып, оқу үшін нақты мәтіндер таңдалады. Оқылымның соңына қарай окушылар қоғамдық-саяси, ғылыми-белгілі әдебиеттерден, сондай-ақ көркем әдебиеттен бейімделініп алынған күрделі емес мәтіндерді оқи алуы тиіс және оқудың екі түрін менгерулері керек.

- 1) негізгі ойды бөліп алу мүмкіндігін қалыптастыруға арналған мәтіндерді оқу;
- 2) толық ақпаратты алуға мүмкіндік беретін мәтіндерді оқу.

Оқылымның осы екі түрін үйрету барысында оку жылдамдығын, таныс емес сөздердің санын ескеру керек, сөздердің мағынасына талдау жасаудың көмегімен олардың мағыналарын түсінуін есепке алу маңызды. Мұнда дауыстап және іштей оқуды ажыратса алу керек. Дауыстап оқу мәтінді қабылдау сапасын бақылауға мүмкіндік береді. Іштеп оқу – бұл ішкі тыңдау.

Іштеп оқу – студенттердің өзіндік жұмысы ретінде танылады. Өз бетінше оқитын студенттер әртүрлі оқу түрлерін жүзеге асыруға дайын болулары керек.

Тілдерді оқытудың заманауи әдістемесінде оқудың келесі түрлерін бөліп көрсетеді: «аналитикалық оқу, үйрену оқуы, шолу оқуы (қарап шығу), іздеу оқуы, танысу оқуы және т.б.» (Гездің топтастыруы).

Шолып оқу. Оқылымның бұл түрінің мақсаты – қызықты ақпаратты көру, оқып отырған мәтін туралы жалпы көзқарасқа ие болу. Студенттерді берілген мәтіннен тапсырмаға сәйкес материалды табуға және оны қолдануға үйрету керек.

Танысу оқуы. Қандай да бір нақты ақпарат алууды мақсат етпейді. Студенттерге таныс емес түрлі деректер оларға қызық болуы мүмкін.

Үйрену оқуы. Мәтіннің мазмұнында, барлық ақпаратты толық түсіну үшін қажет. Студенттер мәтінді тек оқып қана қоймай, оны менгерулері керек.

Ізденіп оқу. Мамандық бойынша әдебиеттерді тауып оқуы үшін қажет. Студенттер рефераттар, курсық және дипломдық жұмыстарды дайындайды. Оқылымның осы түрі үшін олар тек қана кітаптарды, журналдарды ғана емес, сондай-ақ компьютерді пайдалану, ғаламтордан қажетті ақпаратты табулары керек.

Оқылымның барлық осы түрлері бастапқы кезеңде қалыптасады.

Студент тілді оқудың бастапқы курсын аяқтағаннан кейін, өзіндік жұмыс үшін келесі дағдыны тудыруы керек.

1) таныс емес сөздермен күрделі емес мәтіндерді түсіну, сөз жасамдық талдаудың негізінде осы сөздердің мағынасын түсінүлдері керек;

2) қажетті ақпаратты табу, негізгісін анықтай алу.

Жалғастыруышы кезеңде студенттерді ғылыми сипаттағы мәтіндерді, хабарламаларды, көркем әдебиет шығарламаларынан алғынған үзінділерді қолдана отырып танысу окуына үйрету керек. Ізденіп оқуға үйрету түрлі мақалаларды, басылымдарды қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Оқылымды жүзеге асырмaston бұрын оқудың барлық түрінің жеке мақсаттары мен міндеттерін нақты анықтау керек.

Іздену оқылымы. Студенттерді қызықтыратын ақпараттың болуын анықтауды; оқып отырған ақпарат туралы жалпы түсіне ала білуге үйретуі керек. Оқылым тапсырмаларының студенттерге қажетті ақпаратты табуға көмектесулері керек.

Танысу оқылымы. Оқылымның бұл түрінде нақты тапсырма жоқ және ол танымдық сипатқа ие. Оқығаннның барлығы оқу үдерісінде қолданылмауы мүмкін.

Үйрену оқылымы. Оқудың бұл түрі студенттерді мәтінде бар ақпаратты толық түсінуге үйретуді болжап құрылады. Осында оқылым түріне қатысты тапсырмалар студенттің мәтінді жақсы менгеріп, оны сыни тұрғыдан ұғынуы үшін беріледі.

Үйрену оқылымы үшін студенттер төмөндегідей талаптарды орындаулары тиіс:

- 1) екі тілді сөздіктерді қолдану;
- 2) оқығанды түсіну үшін маңыздылық деңгейіне қарай таныс емес сөздерді анықтай білуі;
- 3) мәтіннің мазмұнын түсіну үшін суреттерді, графикаларды, кестелерді қолдану;
- 4) тақырыптарды, мәтін алдындағы сұрақтарды қолдана отырып, мәтіннің не туралы болатындығы туралы түсіне білу;
- 5) жақсы түсіну және есте сақтау үшін мәтінді көп рет оқу керек.

Оқылымға үйретудің алғашқы кезінен-ақ студенттерде оқудың әртүрлі түрлеріне қатысты қажетті дағдыны қалыптастыру керек.

Студенттердің мәтінді түсінүлері, ой елегінен өткізе алулары және оны қорыта алулары керек. Ол үшін студенттерді мәтіндегі негізгі ойды анықтауға үйрету (ең маңызды ақпаратты, күнді, сандарды), бұрыннан мәлім ақпаратты жаңасынан ерекшелей білу, жалпы қорытындылар жасау, мазмұнын сыни тұрғыдан бағалау және оны қысқаша айтып бере алулары керек.

Ізденіп оқуға үйрету.

Студенттерді мазмұнды ақпаратты іздеуге бағыттау керек, ол үшін:

- 1) өзіндік жұмыстың түрі ретінде көлемді мәтіндерді қолданып, ізденіп оқуды жүзеге асыру (ішінен оқу);
- 2) студенттерді ақпарат алуға және топтастыруға үйрету;
- 3) бұдан әрі оқылатын азат жолдарды анықтау.

Жаттығулар.

- a) андатпаны қарап шығыңыз;
- b) мәтінді оқыңыз және мәтіннің тақырыбы бойынша ақпаратты табыңыз;
- c) жоспар жасаңыз, мәтінді бөліктерге бөліңіз;
- d) оқығанды бағаланыз.

Танысу оқуына үйрету.

Оқудың осы түріне үйрету барысында студенттерде келесі біліктілікті шындау керек:

- 1) тақырыбы бойынша ақпаратты болжау;
- 2) басты ақпаратты екінші дәрежелі ақпараттан ажырата білу;
- 3) басты ойды анықтау.

Жаттығулар.

- 1) Мұғалім жасаған жоспарды оқыңыз. Оның жүйелілігі мәтінде көрсетілген жағдайлар мен деректердің мазмұнына сәйкес келе ме, соны анықтаңыз.
2. Мұғалім ұсынған 3-4 нұсқалардан дұрыс жауапты тандаңыз.
3. Мәтінді мазмұндаңыз және өзініздің ойыңызды айтыңыз.
4. Өзініздің мәтін жоспарын жасаңыз.

Үйрену мәтінін оқыту.

Студенттерді ішінен оқуға үйрету керек.

1. Сөздікті қолдана отырып, барлық мәтінді ана тілге аудару.
2. Менгеру үшін міндеттерді шешу үшін қайта оқу.

Жаттығулар.

1. Мәтінді ішінізден баяу оқыңыз.
2. Мәтінді ана тіліңізге аударыңыз.
3. Мәтіннің қысқартылған нұсқасын жасаңыз.
4. Сұрақтарға жауап беріңіз.
5. Негізгісін анықтаңыз.

СӨЖ түрлерінің бірі ретінде оқуға үйрету үлкен тәжірибелі талап етеді. Студенттер күнделікті оқулары керек. Оқулықты және оку үшін кітаптарды оку – бұл түрлі қабілеттілікті студенттер үшін қажетті минимум. Қабілетті студенттерге ең басынан қосымша әдебеиттерді, журналдарды, газеттерді, сондай-ақ ғаламтор мүмкіндіктерін көзінен қолдана отырып оқуды ұсынуға болады.

Өзіндік оқуда студентке ойлау қызметінде көмектесетін студенттің ой-өрісі, оның тапқырлығы ерекше маңыз алады. Алдын-ала алынған білімге сүйене отырып, студент мәтіннің мазмұнындағы ақпаратты түсініп қана қоймайды, сондай-ақ бұдан бұрын алынған мәліметтермен оны ойша толықтыра алады.

Л.Ф. Щерба өзіндік оқуда мәтінді түсіну үшін маңызды емес сөздерді алып тастай білу маңызды, алайда окушының жетекші (сүйенетін) сөздерді білуі керек екендігін айтты. Осылайша, егер мәтінде сын есім-зат есім тіркесімі бар болса, жетекшісі зат есім болады, етістік-ұстей тіркесімінде – жетекшісі етістік болады.

СӨЖ жақсы өткізу үшін өзіндік оқуды тексерудің тиімді үлгілерін қолдану керек. Әдетте студенттер үй жұмысын таңдап жасайды. Ең жақсы орындалғаны сабакта тексеріледі. Егер мұғалім студенттен сабакта дауыстап оқуды, сұрақтарға жауап беруді талап етсе, студент үй жұмысын орындау барысында жұмыстың осы түрлеріне көніл бөледі.

СӨЖ студентке үйде бірнеше рет әдемі оқуға, анағұрлым толық сөздікті қолдануға, дұрыс аударма жасауға, мәтінді өндеуге мүмкіндік беретіндігіне ұғындыру керек және оның сабак сияқты аясы тар еместігіне көздерін жеткізу маңызды.

Егер студентке іздеу немесе таныстыру окуы ұсынылса, мұғалім сабакта нақты мазмұндауды талап етпеу керек, өйткені бұл оқудың әртүрлі түрлерін машиқтандыруға бөгет жасайды.

СӨЖ тексеруді үй тапсырмасы үшін оқудың қандай түрі ұсынылғандығын ескере отырып жүзеге асыру керек. Бастапқы кезеңдегі оқу жетілдірілген кезеңнен ерекшеленеді. СӨЖ түрі ретінде оқуға үйрету бастапқы кезеңдерде сөздерді дауыстап дұрыс оқуды сөз тіркестерін білуді, сөз сөйлеу, мәтіндерді толық және нақты түсінуді тексеруді көздең құрылады. Жалғастыруши кезеңде оқуды тексеру үшін оқудың әртүрлі түрлеріне қатысты түрлі жаттығулар қолданылады.

Оқылымға қатысты СӨЖ тапсырмалары: ізденіп оқу, танысу немесе үйрену болып бөлінеді.

Ізденіп оқу келесі жаттығулардың көмегімен тексеріледі:

1. Мәтінде бар негізгі деректерді атая.
2. Анағұрлым маңызды ақпаратқа сұрақтар қою.
3. Осы сұрақтарға жауап бере алу.
4. Аңдатпа немесе рефератты жасай алу.

Танысып оқу келесі жаттығулардың көмегімен тексеріледі:

1. Тақырыбы бойынша мазмұнын болжай алу.
2. Мәтінді мазмұнды бөлімдерге бөлу және оларға тақырыптар қою.
3. Негізгі ақпаратқа сұрақтар қою және оларға жауап беру.

Үйреніп оқуды тексеру үшін келесілерді ұсынуға болады:

1. Барлық мәтін бойынша сұрақтар қою және оларға жауап бере алу.
2. Толық жоспарды жасау.
3. Жалпылама қорытындылар жасау.

Жалғастыруши кезеңде оқудың барлық түрлері үшін:

1. Ауызша рефератты дайындау.
2. Оқылған мәтіннен алынған ақпаратты студентте бұрыннан бар ақпаратпен салыстыру.
3. Мәтіндегі басты ойды атая, қорытындылар жасау.
4. Тапсырылған тақырып бойынша 2-3 мәтіннен ақпаратты топтастыра және жүйелендіре алу.
5. ... дәлелдеу

6. ... сипаттау

Осылайша, сөйлеу әрекетінің өзіндік түрі ретінде оқуға үйретудің міндеті – студенттерге оқудың түрлі технологияларын қолдана отырып, белгілі нақты жағдайда қажеттілікке сәйкес көлемде мәтіннен ақпарат алуды үйрету.

ӘДЕБИЕТ

1. Соловова Е.Н. Методика обучения иностранным языкам. – М., 2008.
2. Гальскова Н.Д., Гез Н.И. Теория обучения иностранным языкам. – М.: Академия, 2008.
3. Щерба Л.Ф. Преподавание иностранных языков. Общие вопросы методики, 3 изд. – М., 1974.
4. Верещагин Е.М., Костомаров В.Г., Язык и культура; Лингвострановедение в преподавании русского языка как иностранного, 4 изд. – М., 1990.
5. Г.Ә. Машинаева, Қазақ тілін шет тілі ретінде оқытудағы мәтінмен жұмыс; Қазақ тіл білімі: жаңа ғылыми парадигмалар мен оқытудың инновациялық технологиялары: Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2012.

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ ПРОЕКТИРОВАНИЯ КОМПЬЮТЕРНЫХ УЧЕБНО-ДЕЛОВЫХ ИГР

С.К. Карауылбаев

Аннотация. Компьютерлік оқу-іскерлік ойындардың жобалаудың педагогикалық шарттарын қарастырғанда ұйымдастыру-әдістемелік, мазмұндық және психологиялық құрамдастарды оқу үдерісінің тұмстастығы түргышынан ескеру студенттердің танымдық белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Болашақ мамандардың кәсіби ақпараттық құзыярттыліктерін қалыптастырудың бірнеше пайдаланушы бірлесіп орындашынан компьютерлік іскер ойындардың орны аса маңызды.

Анализ диссертационных исследований и публикаций по использованию компьютеров в игровом обучении (О.А.Бизиковой, Н.Л.Демкиной, О.Р.Ельмикеева, И.О.Ивакиной, М.А.Исайкиной, А.В.Катаева, А.Л.Катковой, Ю.П.Конаныхина, О.Н.Москалевой, О.А.Рикуна, И.А.Седова, В.А. Трайнева, И.А.Хасанова и др.) показал, что в большинстве из них уделяется внимание лишь организации процесса учебно-познавательной деятельности обучаемых в диалоге с компьютером (то есть рассматривается только процесс учения) [1, 68-69]. При этом следует отметить, что основное внимание исследователей направлено на разработку проблемы использования компьютеризированных дидактических игр как тренажера. Хотя хорошо просматриваются большие потенциальные возможности компьютеризированных учебно-деловых игр при решении в их рамках или с их помощью других дидактических задач, например, задач профессиональной подготовки и развития творческой личности обучаемого.

Рассмотрение педагогических условий проектирования компьютерных учебно-деловых игр с организационно-методической, содержательной и психологической составляющими позволит целостно моделировать учебный процесс с использованием дидактических возможностей компьютерных игр и способствует повышению познавательной активности студентов.

Организационно-методические условия состоят из:

- сценария игры;
- профиля действий игрока;
- подсистемы симуляции виртуального мира;
- образовательного сайта дисциплины;

- стратегий оценивания;
- педагогических технологий;
- критериев эффективности логики действий

Цель определения педагогических условий проектирования компьютерных учебно-деловых игр – эффективная организация учебного процесса с помощью компьютерных учебно-деловых игр.

Организационно-методические условия способствуют реализации активных методов обучения. Особо важное внимание уделяется методам оценивания. Являясь инструментом мотивации они выполняют функцией управления игрой, не допуская отклонений от правил игры. Оценивание тесно связано с выбором конкретной педагогической цели для каждого тематического элемента курса.

Программированное обучение было основано на линейном подходе подачи учебного материала, когда без выполнения одной темы следующая тема была бы недоступной; либо по разветвленной схеме действий, когда порядок изучения учебного материала предоставляется самому обучаемому. В компьютерных учебно-деловых играх эти подходы можно совмещать. Так как эти игры будут реализованы как дополнение к основной или элективной дисциплине базовых, профилирующих предметов специальности, оценивание недельных результатов обучения будут учитывать выполнение игровых заданий. Темы недельных заданий могут быть неизменяемы, но игровые задания по вопросам внутри недельной темы могут выполняться в произвольном порядке.

Учебно-игровые элементы на экран компьютера должны выводиться различными способами – в виде паззлов, поисковых игр (квестов), в виде проблемного вопроса, в виде ребусов, анимированных сюжетов, в виде диалога между «персонажем игры» и пользователем и т.д. Разнообразие игровых ситуаций, их непредсказуемость приводит к повышению познавательного интереса обучаемых.

Разнообразие игровых форм требует создания адаптивного сценария игры, которое может варьироваться в зависимости от действий игрока. Если игрок выбирает ограниченное время на выполнение задания и справляется с заданием успешно, в последующем этапе ему будут доступны сложные задания игры. Если задание выполняется с опозданием, либо неверно, то следующее задание будет среднего уровня. Если игрок не справляется с заданиями средней уровня, то ему будут выдаваться задания легкого уровня.

При правильном выполнении заданий легкого уровня, следующее задание будет среднего уровня. Каждый раз игрок переходит из одного уровня на другой. Разнообразие действий приводит к творческому поиску нового, предугадыванию следующих шагов игры.

Мы считаем, что организационно-методические условия должны быть направлены именно на актуализацию творческой деятельности обучаемых. Как писал Дэниэл Пинк в книге «Драйв», до недавнего времени люди выполняли алгоритмическую работу – следовали определенной процедуре для выполнения задачи. Но в настоящее время 70% людей (в развитых странах) заняты эвристической деятельностью, в которой нет установленных процедур [2]. Система традиционных наказаний и вознаграждений была рассчитана на внешнюю мотивацию и хорошо работала для алгоритмической, но не для эвристической деятельности. Эвристическая работа сама обеспечивает внутреннюю мотивацию в виде полученных результатов.

Так, сценарий созданной нами компьютерной учебно-деловой игры «Педагогика» состоял из приключенческого сюжета компьютерной игры, различных компьютерных эффектов, организации проблемного обучения в форме компьютерных викторин и головоломок, паззлов и сканвордов. В данной игре был реализован принцип совместной деятельности участников в условиях ролевого взаимодействия. Совместное решение игровых задач проводился в различных формах группового метода обучения.

Следующая группа условий – содержательные условия, определяющие теоретическую основу компьютерных учебно-деловых игр. От их правильного выбора зависит не только

качество игры, но и качество учебного процесса. Во всех вузовских предметах есть основные и дополнительные рекомендуемые учебники, учебные пособия. Поэтому, к подбору основного учебника для сценария нужно подходить основательно. Мы взяли в качестве теоретической основы учебник педагогики Т.А. Ильиной [3].

Содержание компьютерных учебно-деловых игр состоит из когнитивной, визуальной и моторной нагрузок. В созданной нами игре профиль действий игрока был организован таким образом, что когнитивная, визуальная и моторная нагрузки постоянно возрастают, каждый раз повышая уровень сложности и тем самым повышая внимание участников.

В некоторых играх визуальные нагрузки высокие, поскольку в сюжетную композицию заложен поиск предмета или артефакта. Например в «Three Musketeers Secrets», «Mystery of Nostradamus», «The world Legends», «Great Secrets: Da Vinci». А в других компьютерных играх, таких как Earth 2150, Extension, STARBANKtheGame, Battletoads, CounterStrike, Call of Duty 2 присутствуют высокие когнитивные нагрузки, поскольку по ходу действия игры игрок должен понять, как развивается сюжетная линия, и проанализировать ситуацию. Мы считаем, что лучшие позиции развлекательных игр должны присутствовать в учебно-деловых компьютерных играх: приключения, поиск, совместная игра нескольких игроков и др.

В своих обзорах М.Мауо сообщает о двух группах исследователей, создающих игры в высшем техническом образовании. Первая группа ученых создала игру по геологии и клеточной биологии (McClean, Saini-Eidukat, Schwert, Slator, & White, Университет штата Северной Дакоты, США, 2001). Другая группа (B.Coller, D.Shernoff, Университет Иллинойс, США, 2009) создала видеоигру по численным методам для инженеров [4]. Можно привести краткое описание игры: в начале курса каждый студент получает собственный автомобиль, который стоит неподвижно. Студенты не имеют руля, переключения передач, педали тормоза, необходимых автомобилю для передвижений. Вместо этого каждый студент должен написать программу языке на C++, эти команды позволяют автомобилю двигаться: сколько нажать на педаль газа; сколько ступить на педаль тормоза и насколько повернуть руль на левую или правую сторону. Основная программа анализирует информацию моделирования движения автомобиля. Автомобильное моделирование проводится в режиме реального времени, показывая поведение автомобиля в 3D графике.

Психологические условия объединяют психологические приемы активизации усвоения учебного материала и познавательной активности обучаемых, дизайн интерфейса пользователя, музыкально-звуковые эффекты и цветовое оформление компьютерной учебно-деловой игры.

В точных науках создание компьютерных учебно-деловых игр помогает наглядно показывать ход работы какого-либо механизма, процесса или явления. А в гуманитарных играх предпочтение отдается диалогичной интерактивной дискуссии, элементам юмора, активному и критическому изучению окружающего виртуального мира, подбору определенной стратегии оценивания многочисленных связей между вариантами сценариев хода игры.

Дизайн интерфейса пользователя компьютерной учебно-деловой игры, музыкально-звуковые эффекты, анимации, оформление виртуального пространства могут приобретать различные варианты преобразования в зависимости от фактора времени действия/бездействия игрока, правильности/ ошибочности выборов ответа, перехода от 2D изображения к 3D изображению, тем самым адаптируя сценарий игры индивидуальным психологическим особенностям студентов.

Выявленные педагогические условия проектирования компьютерных учебно-деловых игр позволили сделать следующие выводы.

По результатам экспериментов выявлено, что наиболее оптимальными являются приключенческие компьютерные учебно-деловые игры, основанные на моделировании профессионального пространства, с адаптивной интеллектуальной системой обучения, со

смешанной стратегией оценивания, с возможностями многопользовательской компьютерной игры.

Распространение игры через образовательный сайт дисциплины удобен и обучаемым, и преподавателям. Стратегии оценивания были выстроены в нескольких вариантах в зависимости от факторов времени, количества ошибок и количества подсказок. Компьютерная учебно-деловая игра является активным методом, способствующим развитию самостоятельной познавательной деятельности, в ней происходит обогащение индивидуального опыта обучающегося, приобретаются новые знания, умения, навыки. Критериями эффективности логики действий игрока в виртуальном мире можно считать: успешность выполнения учебно-игровых заданий, своевременное выполнение заданий, минимальное количество использованных подсказок, ознакомительные действия в виртуальном мире в режиме обучения, не игнорирование правил игры.

Если в адаптивной интеллектуальной системе обучения будут реализованы вышеизложенные организационно-педагогические условия, и в особенности возможности многопользовательской компьютерной игры, то процесс обучения в вузе будет способствовать повышению профессиональной подготовки и развитию творческой личности студентов.

ЛИТЕРАТУРА

- 1.Карауылбаев С.К. Компьютерные игры в обучении // Математическое образование и информационное общество: проблемы и перспективы [Текст]: сборник трудов XLVIII Всероссийской (с международным участием) конференции. 18 – 21 апреля 2012 г. / под общ. ред. Е.И.Саниной. – Москва: РУДН, 2012. – С. 67 – 70.
- 2 <http://books.google.ru/books?id=A-agLi2ldB4C&dq=Drive,+2009&hl=ru&sa=X&ei=IB3pUePzBMak4gTxnYHoCA&ved=0CC4Q6AEwAA>
3. Ильина, Т.А. Педагогика, курс лекций [Текст] : учебное пособие для студентов педагогических институтов / Т.А. Ильина. – Москва: Просвещение, 1984. – 494 с.
4. Mayo, M. J. (2009). Video games: A route to large-scale STEM education? Science, 323, 79 – 81.

БІЛІМ БЕРУДІҢ ГУМАНИСТИҚ ФИЛОСОФИЯСЫНЫң ЖӘНЕ ПРАГМАТИКАЛЫҚ САЯСАТЫНЫң ЖАҢАШЫЛ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕМЕН ҮНДЕСТИГІ

С.К. Карауылбаев
С.Н. Рамазанов

Аннотация. В статье рассмотрены главные задачи системы образования – формирование свободной, творческой, функционально грамотной личности, основанной на принципах гуманизма и прагматизма новых технологий образования. Использование компьютерных деловых игр является одной из новых направлений использования ИКТ на уроках, способствующий активизации познавательной деятельности обучаемых.

XXI ғасырда әлемдік қауымдастық ғылыми-техникалық және мәдени жетістіктерге жеткенімен жойғыш күші бар соғыстар мен төңкерістер, ұлтаралық және дінаралық қақтығыстар, халықаралық лаңкестік, экономикалық тоқырау сынды жағымсыз құбылыстарымен де ерекшеленеді.

Қоғам жаңа мыңжылдықта ғылыми-техникалық үдерістің тұйыққа тірелуі, мәдениеттің кенжелеуі, экономикалық әлеуеттің шектелуі, құндылықтардың жоғалып,

адамгершілік пен қоғамдық сананың тоқырауы сынды өзінің қалыптастырған жаһандық проблемаларымен қадам басты.

Білім беру ісінің мәселелері адам баласын барлық уақытта толғандырығаны және толғандыратыны шындық. Соның ішінде Қазақстанда тәуелсіздік алғалы әлеуметте болып жатқан өтпелі кезең, құндылықтарды қайта қарастыру сынды күрделі өзгерістер ағымында бұл мәселе назардан тыс қалған емес.

Алғашқы кезеңде отандық білім беру жүйесін реформалауға талпыныстар негізінен жағдаяттық сипатта жүргізілп келді. Ұзақ мерзімді, жан-жақты ойластырылған стратегиялық қадамдар байқалмады. Өйткені бұл реформаларда динамикалық әрі қарама-қайшылықтарға толы әлемнің талаптарына сай білім берудің проблемаларына философиялық тұрғыдан негіздене жасалмады. Білім беру жүйесін жаңарту немесе оған өзгерістер енгізу проблемаға кешенді түрде қарым-қатынасты талап етті.

Кеңестік кезеңде білім берудің негізгі өлшемдері идеологиямен анықталып отырды. Қазір білім беруді әлемдік және ұлттық мәдениет мәннәтініне қайтарып, жалпы адамзаттық құндылыққа бағытта, мазмұнын демократияландыратын, гуманизмге бағыттайтын уақыт жетті.

Сондықтан білім беруді дамытудың негізгі басымдықтарының бірі – білім беруді адамға бағыттау.

Білім берудің кеңестік жүйесі жапондық, американцық, француздық, ағылшындық және т.б өркениетті елдермен қатар әлемдегі ең күшті білім беру жүйелерінің бірі саналып келді. Бұл кеңестік білім жүйесінің атаптаса жүйелермен қатар кемшилігі жоқ дегенді білдірмейді.

Негізгі кемшиліктерінің бірі – бұл жүйе негізінен казармалық-репрессивті жүйе болды. Ол заңды да еді, өйткені сол кездегі қоғамның өзі казармалық-репрессивті жүйеде өмір сүрді. Казармалық дегеніміз, барлығы бірыңғай бағдарламамен оқытылып, мүмкіндігі жоғары балалардың құқықтары шектелді. Ал көпшіліктің көзінше «екілік» қойып, ата-аналарын мектепке шақыртып, баланы масқаралау – баланы білім жүйесі жүргізген репрессиялардың құрбанына айналдырыды. Әрине, бұл жағдай білім алушылардың қатарында белгілі бір наразылықтар туындағы: сабакқа келмеу, үй тапсырмаларын орындауда сынды қарсылық әрекеттері белен алды. Ең маңыздысы жоғарыда айтқанымыздай, баланың білім алуға деген уәжі мен қызығушылығының жоғалуына, ұстаздардың көпшілігінің шығармашылық белсенділігінің тоқырауына түрткі болды.

Сонымен қатар кеңестік дәүірден мұра болып қалған дәстүрлі оқыту жүйесінің ең маңызды кемшиліктерінің бірі – тұлға жоспар мен бағдарламаны іске асырушы ретінде қарастырылып, оның субъектілік қасиеттері, өзіндік құндылықтары ескерусіз қалып қоюы. Яғни, «дайын білім» беруге негізделген «дәстүрлі» стиль арқылы алынған білім оқушылардың жинақтаған өзге білімдерімен тиімді сінісе алмады, сондықтан механикалық есте сақтау, үстірт білім алу жағдайлары орын алды. Дәстүрлі оқытудан алынған механикалық түрде есте сақталған мәліметтерді емтихан кездерінде ұтымды пайдалануға болады, бірақ мән-мағынасы терең менгерілмей, жай ғана жатталғандықтан, тақырыпты оқыту аяқталған соң немесе емтихан біткен соң керексіз болып қалады және оқушы оны өмірде тиімді пайдалана алмайды. Білім беруге мұндай біржакты қарым-қатынас оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің дамуына да тұсау салып келді.

Отандық білім жүйесіндегі осы кемшиліктерді байқаған Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Болашақ» бағдарламасының стипендиаттарымен болған кездесуде қазақстандықтарды жаңа формацияда тәрбиелеуге және Қазақстанды адам капиталы бәсекеге қабілетті елге айналдыруға ықпал ететін интеллектуалды ұлтты дамытудың маңызды аспектілерін нақтыладап берді. Әсіресе, білім беру жүйесін инновациялық дамыту қажеттілігін нақтылаған Елбасы: «Білім беруге деген дәстүрлі тәсіл оқушыларға ақпарат пен білімнің барынша кең көлемде берілуін мақсат тұтады. Бүтінде жағдайлар өзгеруде. Мамандардың есептеуінше, әрбір жеті-сегіз жылда кәсіптік ақпараттардың көлемі екі есеге ұлғайып

отырады екен. Жаңартылған білімнің легіне ілесіп отыру үшін қазіргі заман қызметкерлері жүйелі және сын тұрғысынан ойлауды менгеруі тиіс және үнемі өз білімін жетілдіріп отыруы керек. Бұдан басқа, біздің жастарымыз тек білім алғып қана қоймай, жаңа білім беру жүйелерін құруға да күш салысулары керек. Бүгінгі таңда ең маңызды сапа креативті ойлау, білімді қайта өндей білу, жаңа шешімдер, технологиялар мен инновациялардың пайда болуы болып табылады. Бұл үшін жаңа әдістер, оқытуудың жаңа формалары, жаңа мамандар қажет», - деген болатын.

Кордаланған кемшіліктерді жою, қалыптасқан классикалық парадигмадан бас тартып, жаңа білім парадигмасын қалыптастыру – біздің ұрпақтың еншісіне тиіп тұрған құрмеуі қыын мәселелердің бірі. Мемлекетіміз Елбасының қолдауымен және бағдар беруімен бұл қыындықтарды да еңсере бастады. «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» [1], «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарының» [2] қабылдануы отандық білім жүйесін әлемдік стандарттар деңгейіне көтеруге бағытталған ауқымды іс-шара болып табылады.

Аталған іс-шаралардың негізінде гуманистік философия жатыр. Ол адамға білім алу арқылы өзін-өзі іске асыру, өзін жетілдіру, бейімделу, өзін-өзі қорғау, бәсекелестікке төтеп бере алу, қазіргі әлемде құрмеуі қыын мәселелерді шеше алу мүмкіндіктерін береді.

Білім берудің гумманристік бағыты адамға мәдениеттің субъектісі болуға, өзінің рухани тәпе-тендігін сақтауға, өмірдің мәнін табуға көмектеседі. Бұл жол білім беру жүйесіне, әдіс-тәсілдері мен мазмұнына түбегейлі жаңа көзқараспен қарауды талап етіп, білім беру үдерісіне қатысуышылардан тең құқықтық, жолдастық қарым-қатынасты талап етеді. Мұғалім мен оқушы білім беру мен тәрбие үдерісінің біртұтас кеңістігінде іс-әрекеттің субъектілері ретінде қарастырылады.

Бұл жағдайда педагогтың оқушыға гуманистік тұрғыдан қарауы: бір-біріне сенімді ықпалдастық, өзара құрмет, тәжірибелілігі мен дүниетанымы өте маңызды рөл атқарады.

Білім беруді гуманизациялау білім беру мекемелерінде жағымды эмоционалдық-уәждемелік ортаны қалыптастыруға жағдай жасап, тұлғаның өзін-өзі жетілдіруіне, шындалуына жол ашады.

Қазақстандық білім беру жүйесінде болып жатқан өзгерістер білім беру жүйесін гуманизациялау бағытында жүргізіліп жатқанын және сонымен қатар білім берудің pragmatikaлық саясаты оның бір болігі ретінде қарастырылатындығын атап откен жөн. Джон Дьюи қалаған білім берудің pragmatikaлық философиясы дамыған елдердің көпшілігінің білім беру жүйесінде табысты қолданылып келеді.

Оз өмірін педагогикамен ұштастырған практик педагог ретінде білім беру жүйесіндегі реформалардың нәтижесінде деңгейлік курстарда біліктілігімді жетілдіру арқылы дәстүрлі білім беру жүйесінің өзінің жасампаздық әлеуетін жоғалтқандығын түсіндім. Өйткені, жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы өткізген сабактарымда шәкірттерімнің жан-жақты ашылып, шығармашылық қабілеттерінің оянып, оқыту және оку үдерісінің жаңа сатыға көтерілгендей байқалды. Бұл жағдай шәкірт оқытып жүрген әрбір ұстазды шабыттандырып, жаңа белестерге ұмтылуына тұрткі болса, шәкірттердің білім алуға деген уәжін қалыптастырып, қызығушылығын арттыра түсетіндігіне көзім жетті. Демек, бұл отандық білім беру жүйесіндегі атқарылып жатқан реформалардың алғашқы жемістерінің бірі деп санауға болады.

Жалпы білім берудің pragmatikaлық жүйесі Америкада негізі қаланып, қазіргі кезде pragmatikaлық білім беру саясаты немесе философиясы, яғни түрлі жағдаяттарға бейімдесе алатын тұлғаны қалыптастыру (бұл оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытумен үндеседі) отандық білім беру жүйесіне енгізілуде.

Прагматизм (грек тіліндегі πράγματος – «іс, әрекет») – философиялық ағымының XIX ғасырда негізін қалаушысы ретінде американдық философ Чарльз Пирс танылған. Кейін прагматизм Джон Дьюи сынды философ ғалымдардың еңбектерінде дамытылды.

Білім берудегі прагматикалық саясатқа сын айтушылар да жоқ емес. Мәселен, бұл саясаттың қарсыластары негізінен педагогикалық үдерісте балаға назар аударып, білім беруді тек қана баланың қызығушылына негіздеу жүйелі түрде оқытудан бас тартуға, ғылыми білім деңгейінің төмендеуіне алып келеді деген ойда. Осыған қарамастан дамыған елдердің білім жүйесіндегі ілгерілеушіліктер бұл пікірлерді жоққа шығарып отыр.

Обезумев от нахлынувшего счастья, толком не разобравшись и никому ничего не сказав, он взял первую попавшуюся лошадь и помчался в свой городок. Он все представлял, как обрадуется сестра, как он поведет ее к своему хирургу и как снова услышит тот самый смех. И как они будут вместе гулять по столице допоздна.

Словно поймав наваждение, Алан не замечал ничего вокруг, только все гнал кобылу вперед. Ему хотелось побыстрее оказаться рядом с сестрой, взять ее за руку, посмотреть в глаза. Он так замечтался, предвкушая судьбоносную встречу, что не заметил посторонних звуков.

Злобное рычание. Рычание со всех сторон... Стая. И очень голодная.

Сбоку, словно появившись ниоткуда, показалась оскаленная морда одного из волков. Ему понадобилось только и попасться на глаза кобыле, чтобы обезумев от страха, она сбросила наездника.

Мгновение, и он потерял равновесие, свалившись в какую-то яму. Не мешкая, животное убежало вперед, спасая себя. Ужас парализовал Алана.

Вскоре, когда эмоции уже спали, тело все еще было недвижимо. Страх вновь наполнил душу.

Алан не понимал, что происходит. Мозг просто заблокировал понимание как таковое, дабы миновала опасность для психики. На помощь тут же включилась логика врача. Отстраненная. Холодная. Именно так и должен поступать врач.

Холодный расчёт сразу же выдал мрачные предположения. Руки еле двигаются, ноги и подавно не чувствуются, а каждая попытка пошевелиться отдается взрывом боли. Бесполезно себя обманывать, все кончено. Он знал, что если его не найдут в течение часа, все тело медленно окочнеет. Или он умрет от болевого шока.

Неужели кто-то будет радоваться его смерти так же, как он радовался смерти этого мальчика, погибшего в горах?

Может, все же повезет и его найдут. Так хотя бы можно будет увидеть в последний раз сестру. Боже, до чего наивно. Очередная человеческая глупость...

Попытка закричать ничего не дала. Обветренные губы не слушались. Господи, ну почему он никого не предупредил о своем приезде!?

Еще немного и руки тоже окончательно онемеют. Вдруг его озарило. Превозмогая жуткую боль, Алан потянулся к нагрудному карману. Вытащить ручку и записную книжку стало отдельным жутким для тела испытанием. Какая ужасная смерть ждет его...

Всего на мгновение, но послышался веселый смех сестры, как будто она стояла рядом, дразнясь и корча брату рожицы. Его всегда это злило.

Он так хотел привезти ей счастье. Что ж, пусть его смерть даст надежду на жизнь кому-то другому. А для него уже ничего не изменить.

Он слышал хруст снега невдалеке. Он слышал другие, непривычные в мертвой тишине леса звуки, чьи-то голоса. Но уже не мог понять, где реальность, а где игра воображения.

Алан Нури знал, что не выживет, но все же... Надежда умирает последней?

*

НОВЫЙ МИР

Тихо-тихо шумит океан,
Не смея нарушить покой.
Не слышно и песен славян,
По знаку небрежной рукой.

И юнцы хоронят старцев...
Их тьма заглотила в себя.
И старцы хоронят юнцов...
Не отпустит их мир от себя.

Доселе, пока жив старый мир,
Пока живы злые пороки,
Когда гниль вкушает свой пир,
Заполняя мраком истоки.

Коль в глубине души еще все желают,
Открыв себя, зло подозвать,
Сорвать замок с ужаснейших чувств,
И внимая сладким речам лживых их уст
Отдать, наконец, безумию волю,
Не внимая тотчас близкому горю.

Не наступят те славные годы
Где не знаем мы ужасных страданий,
Где боль заберут к себе светлые воды,
И не будет девичьих рыданий.

Когда сыновья не пойдут на войну,
И матерям нет нужды больше лгать
О невинных, что сажали в тюрьму,
И вместо них любовь воспевать...

И не будет разбитых сердец и забитой любви,
Когда мать тебе скажет: «Просто живи!»

Аскар Бердібай

Международный университет информационных технологий

ОСТАНОВИТЕ ЗЕМЛЮ...

Остановите землю. Я сойду.
Ведь здесь ценят за одежду.
От этих людей с ума сойду.
Я потерял всю надежду.
Чего ожидать от тех людей,
От которых даже толку нет?
Остановите землю и поскорей!
Все, что я слышу, чушь и бред.
Людям нужны только деньги
И крутые тачки под собой,
Веселиться и гулять,
Ведь они не могут быть собой.
Быть здоровым, не курить –
Для них все это прошлый век.
Лучше гулять и больше пить?
Все, что вы творите – полный бред.
Устал от людей, которые даже
Не уважают своей матери родной.
Сделайте счастливой ее однажды
И молите Бога, за нее одну!

Кайл Фаррел (США)
КазНу им. аль-Фараби

ОМЛЕТ

Суббота. Утро. Шипящий звук разносится по всей кухне. Поп! Ззззз! Любой другой человек слышал бы только шипучий ритм, под который на горячем танцполе плясали два кусочка бекона (буквально!). Но до моих малюсеньких ушей доносился совершенно другой звук – это был звук любви.

В тот день я проснулся и сразу в голову пришли две самые типичные мысли пятилетнего мальчика при встрече с субботним солнцем - завтрак и мультики. Я выпрыгнул из кровати, вбежал в гостиную и включил телевизор. Скуби ду – это вин! Но спустя десять минут моего просмотра я осознал, что что-то было не так. Где папаша? Обычно в это время по субботам он предлагает завтрак – его так называемые «самые вкуснейшие» омлеты. Но где он? Я встал с дивана и направился на кухню. На самом деле, мой папа был там, жив и здоров, но со странным выражением на лице. Я стоял перед ним в недоумении. Что это такое, пап?

«Сынок, – начал он, улыбаясь, – тебе пора научиться самому готовить омлет».

Чего?! Шок! Конфуз! Разве даже дети умеют готовить?! Я был уверен, что кулинария находится в списке ответственности исключительно взрослых, не так ли?!

«Давай, малыш!» - сказал он и придвинул стул вплотную к духовке. Даже не зная чего ожидать, я подошел к стулу и взобрался на него, чтобы стоять наравне с плитой. Я осмотрел всё, что было передо мной: сковороду, лопатку, миску, вилку, бекон, яйца, чеддер (висконсинский чеддер, само собой).

«Пап, я не знаю, что делать», - сказал я жалобно.

«Не бойся, сынок, я помогу», - шепнул он успокаивающе, взял мою руку в свою, огромную, волосатую, и сказал: «Мы сделаем все вместе, как команда. Сначала бекон пожарим».

И наша общая рука (состоящая из двух) изящно подняла два кусочка бекона и положила их на сковороду – и они вскрикнули, как только их жирные спины соприкоснулись с горячей поверхностью.

«Пока бекон жарится, мы разобьём яйца», - послышался голос моего отца, и наша рука схватила один белоснежный шарик. Резким взмахом руки скорлупа была разбита о край миски, и оттуда плюхнулось маленькое солнышко. Еще одного желтого пленника мы освободили из его белой клетки. К сожалению, им было некогда наслаждаться обретённой свободой. Взяв вилку, мы с папой соединили их священными узами жидкости – при этом взбивали такими быстрыми взмахами, что я испугался, как бы моя маленькая рука просто не оторвалась в сильной папиной лапе.

Бекон был готов, и мы осмотрительно спасли кусочки из жаркого объятия сковороды. Но жир от бекона - оставил! Он придает превосходный вкус омлету. Ну, что ж, время наступило! Пора довести яичную смесь до ее пышного конца! Налей! И вот желтая жидкость встретилась со сковородой. Сразу началось шипение, пока формировались маленькие пузыри - попытка бедных яиц сбежать от жара. Я в восторге смотрел на это. Я же впервые готовлю!

Спустя несколько минут – проворный переворот нашей ловкой рукой, два кусочка чеддера, и омлет готов. Мы положили омлет с двумя мясистыми друзьями на тарелку и сели за стол. Тишина... решающий момент... первый кусок... Шедевр! Такая широкая улыбка появилась на моем лице – я и впрямь преисполнился гордости! Пять лет и уже шеф-повар – ничего себе! Сидя напротив, мой отец тоже улыбался, но это была улыбка другого типа. Такая улыбка, которую я тогда совсем не понял и даже сегодня не могу полностью понимать. Сквозь его улыбку светилась отеческая любовь: готовность передавать знания, готовность помогать во всем, готовность вызывать у сына улыбку. В этот день я не только научился готовить омлет, но и впервые испытал классное, бесподобное чувство, вызванное тем, что семья готовит вместе. Я почувствовал любовь моего отца.

Я выбрал именно эту историю из моей жизни, чтобы характеризовать мое воспитание потому, что независимо от того, ЧЕМУ мои родители меня учили, они всегда учили ТАКИМ ОБРАЗОМ – то есть с заботой, поддержкой и любовью. Для меня мои родители – пример, и я знаю, что в будущем я хочу воспитывать своих детей таким же образом. Короче, жду не дождусь того прекрасного момента, когда буду готовить омлет вместе со своим сыном. ☺

*

ГОРОД ИЗ ПЕСКА

Жил-был на свете богатый купец. Со своими верными верблюдами он много путешествовал по разным землям – дружественным и враждебным, плодородным и безжизненным, богатым и пустынным, торгуя редкими специями и всё больше обогащаясь в каждом новом поселении, встречавшемся на его пути. Однажды, когда караван богача проходил через безводную, богом забытую пустыню, неожиданно налетел песчаный ураган – самум, за секунду затмивший весь небосклон. Запутанный пыльными, сухими, волнистыми щупальцами бури, купец вел испуганных верблюдов по пустыне, стараясь не отклоняться, держаться караванного пути, но все было напрасно. Наконец, совсем заблудившись и обессилен, наш герой удалился в шатёр, чтобы переждать песчаную бурю.

Ярость урагана наконец-то пошла на убыль и купец, уверенный в том, что угроза миновала, вышел из шатра. Он чуть было не потерял дар речи от того потрясающего вида, который открылся перед ним! Первое, что привлекло его взгляд, – это массивные ворота, сделанные ИЗ ПЕСКА! А дальше, за воротами, лежал целый город, построенный из плотных кирпичей песка. Тут дети играли на пыльной песочной площадке, а там их родители

торговались на песочном рынке, тут караул стоял перед песочным дворцом, а там, в центре города, виднелась мечеть с бежевыми минаретами, царапающими небеса. Что за чудо?!

И вот ворота открылись, и во всей своей красе появился бородатый султан – он был в незапятнанной мантии и в чалме, увенчанной толстым рыжим пером. По обе стороны от него стояли шесть сгорбленных охранников, их лиц невозможно было различить из-за шлемов.

«Хош гелдиниз, наш утомленный гость! – приветствовал султан купца. – Пожалуйста, проходите. Мои помощники позаботятся о Ваших верблюдах. Проходите».

Вначале наш герой медлил, но потом присоединился к султану, и они вместе гуляли, осматривая удивительный город. В изумлении купец созерцал каждое здание, каждую деталь, замечая всякий раз четкие пазы, виртуозно вырезанные в стенах из песка, – все было так гладко, так нежно. Они подошли к дворцу, который являл собой грандиозное сооружение с барельефами, изображающими строительство пирамид и пустынные пейзажи. Купец попытался мягко прикоснуться к изображению на стене, и ... барельеф разрушился, становясь каскадом песчинок, стекая на пол. Они вошли во дворец, прошли под зернистой люстрой, поднялись по плотной лестнице и оказались на балконе.

«Смотрите! – произнёс султан, с гордостью показывая на город. – Вот, что построил мой народ. Каждая стена, каждая постройка была создана руками талантливых мастеров – моих подданных».

«Простите, Ваше Величество, – произнес купец, – но разве такой город прочен? Кажется, что даже лёгкий ветер может разрушить все, что вы построили».

Султан прищурился, внимательно посмотрел на своего гостя, потом начал говорить: «Конечно, мы сталкиваемся с трудностями. Например, однажды сильное наводнение смыло весь город с лица земли, но мы построили его вновь. Однажды солнце так сильно светило, что целый город запекся и стал ломким, а потом распался на кучи пыли, но мы построили его снова. А однажды сами пески стали зыбучими, и город практически поглотил себя, но мы опять его построили. Вот видите, мой друг, мы строим, а силы природы разрушают всё, созданное нашими руками, так или иначе. Это неизбежная судьба».

«Ну, а зачем вы постоянно строите?» – удивлённо спросил купец.

«Ответ простой, почти печально несложный, – начал султан. – Мы строим потому, что мы – здесь и песок – здесь. Что же еще мы могли бы делать?»

«Ну, в принципе, можно делать многое – ведь на свете есть множество занятий. Например, я торгую специями», – скромно ответил купец.

«Ах-ах, – усмехнулся султан, – Вы не понимаете, милостивый государь, что Вы строите дворец из своего порошка, а я – из своего. Так или иначе, ветер все-таки дует. Ну ладно ... пожалуйста, будьте как дома в моем султанате. Каждое из Ваших желаний будет исполнено».

Купец поблагодарил его и пошел к своим верблюдам, размышая над мудрыми словами султана...

В ту самую ночь ветер дул и дул не переставая, поднимая песчаную пыль с земли. На восходе солнца наш герой проснулся и заметил, что вокруг ... не было ничего! Как и прежде он был совсем один. Один – в бесконечной пустыне с верблюдами, нагруженными специями.

Мирас Маратұлы

Международный Университет Информационных Технологий

НАУЧИ МЕНЯ

страх порождает ненависть я социофоб
спаси меня я не хочу быть мизантропом
высоко пари со мной возьми меня в свой мир с собой
или давай создадим свой мир где нет печали и забот
а лишь завод по производству шоколада и тортов
бутерброды на деревьях и в реках течет компот
сахарная вата в небе этот мир для нас с тобой
дует теплый ветер ветер дует лишь для нас с тобой
лишь для нас с тобой все это лишь для нас с тобой
мы такие особенные нас не смешать с толпой
научи меня видеть хорошее во всем
прошу научи меня обещаю быть примерным учеником
я буду таким же как и ты ведь я тобою восхищен
мой темный разум готов быть тобою освещен
разум наполнен ненавистью к тупым темам но ты
проливаешь радугу в этом зале темноты
когда с тобою рядом становится краше мир
ты милая как котенок нежная как кашемир
проходит время становимся старше мы
взрослым не удалось так попробуй ты научи...

*

ПОСЛЕДНИЙ ТАНЕЦ

подари последний танец мне
мы отправляемся туда увы где «нас» нет
я ослеп ты такая красивая
видимо ничего милее твоих глаз нет
тиши... не надо слов
это дежавю ты героиня моих снов
улыбаешься ты сшибаешь меня с ног
в этот вечер ты выглядешь на все сто
твой взгляд холоднее взгляда убиц
твой нежный голосок красивее пения птиц
оу моя мисс оу моя мадемузель
я что-то большее с вами чем я среди бездушных лиц
мы молоды головы полны идей
нам вдвоем лучше мы вдвоем сильней
сейчас это не больше чем песни, хей!
но в мечтах мы вместе едем за пенсией
к чертям все эти «но», все эти «если»
давай беззаботно играть это ж так весело
все это естественно тебя все бесит
они врут я буду честен мир не так уж и тесен...

Рысбеков Эділхан Асқарұлы

КазНУ им. Аль-Фараби. Факультет истории, археологии и этнологии.

НА ХОЛСТЕ

Поддавшись мастеру, из ткани полотно
Запылало ярким светом вдруг –
Рождаются огонь, яства и вино,
И краски вертятся вокруг.
На полотне рождают лица,
Что открывают красоту души,
На полотне поет и мерзнет птица,
Где-то в неведомой глухи.
Цвета, поддавшись мастеру, рождают пейзаж,
Где может быть гора, река или пустыня,
В песках безбрежных могут показать мираж,
Там может быть и Колосс, и Исламская святыня.

Отец, вы слышите меня?
А я вас слышу, несмотря на годы,
Что так бегут неумолимо и меня пленят,
Как вас пленили небосводы.

Я верить бы хотел, что вы следите свысока
За каждым шагом всякого из нас,
Вы знаете уже сейчас, куда течет моя река,
Наверно, именно туда, куда вела она и вас.

Перед Фемидой стоя,
Раскаиваться поздно, друг,
Там, наверху, вас будет только двое –
И ни советников, ни слуг.
Там, наверху, твои деяния
Поставит на весы Фемида,
Ее закрытых глаз сияние
Рассудит справедливо –
Ибо она есть правды идол.

*

ВЕСНА

Ласкает слух мой соловийный свист,
Тихонько шепчет мне трава
На непонятном языке слова,
Что отпечатались чернилами на лист.
Это весна пришла неспешным шагом –
Прелестная пора мечтаний,
Пора бессмысленных скитаний,
В безбрежном море чувств ведь потонуть и не грешно.

*

ОДНО МГНОВЕНИЕ

Стремительно, с невероятной скоростью, улетают от нас дни, будь то день, наполненный лишь счастливыми моментами, будь то день, проведенный в печали и разногласии с самим собой. Короткие мгновения, сливаясь в единую картину, создают настоящее.

Впрочем, настоящее относительно. Не замечая того, как украдкой уходит время, мы создаем прошлое. Зачастую прошлое осуждается нами, хотя стоило бы осудить себя за то, что мы не смогли сделать для себя лучшее будущее, что уже сегодня – настоящее, а завтра – прошлое.

Недаром люди пожилые предупреждают нас о том, что время, как яркая вспышка – вчера ты родился, сегодня полон сил, а завтра уже гаснешь. Но люди как считали, что время – полоса долгая и непрерывная, так и считают.

Время – то самое настоящее, в котором мы живем, именно то, в котором мы чувствуем, а не вспоминаем чувства; время – именно то, когда мы по-настоящему живы, а не предвкушаем жизнь – это одно мгновение, что так же мимолетно, как вся наша жизнь...

Цой Светлана
Профильная школа КазНУ им. аль-Фараби

ЧЕЛОВЕК И МИР

Жизнь дана для того, чтобы познавать, понимать окружающее. Усвоить все нужные правила порядка. Получить смыслность, знание и рассудительность. Будучи взрослым, умножать познания и найти мудрые советы – чтобы разуметь притчу и замысловатую речь, слова и загадки жизни.

Человек и мир – вещи абстрактные. Ведь каждый человек судит о мире по-разному. Я не стану подводить под свою, возможно, не совершенную черту восприятия понятия столь высокие и важные, чем они, возможно, являются на самом деле. Что может знать человек определенно точно о мире, так это то, что он, когда-либо слышал или видел своими или чужими глазами и ушами. Все мы знаем, кто такой человек и что собой представляет мир. Но воспринимаем порой все по-разному. Почти так же мы не понимаем мира, как не можем понять другого человека, людей, пока сами не получим знания. Наши уроки жизни – совет, наставление, обличение, опыт. Опыт – страдание. Действие вперед должно быть только в лучшую сторону. Старание, добрые дела, рассудительность, воздержание, терпение, богообязненность, уважение, любовь. Переживая один и тот же момент жизни, почти каждый человек получает абсолютно различный опыт. Смотря на один и тот же мир, люди получают совершенно разную картину, но в основе предметы остаются. У одних людей мир вызывает радость, тогда как другие находят в этом страдание, или наоборот, а то и вовсе мир не вызывает никаких чувств. В чем же причина? Неужели природа действует на людей не так или неужели одни люди обречены на страдание, тогда как другие на счастье – ни в коем случае. Неужели внешние факторы влияют на человека, тогда как человек должен влиять на эти факты и создавать их.

На чем человек сфокусировал свое внимание, то он и видит, не так ли?

В современном мире, мы можем увидеть множество произошедших трагедий и близко не связанных с войнами.

Суицид – проблема человека в плане самореализации и самоутверждения. Но не думать о проблемах, совершенно не значит, что их нет. Есть такая проблема, что подобные не стабильности в жизни, люди очень часто выставляют на публику, и это уже считается

нормальным. Дети не всегда знали, чего хотят, но всегда знали, что добро это хорошо. Так почему они меняют свою точку зрения и живут по-другому. Они забыли, что надо мириться, прощать и продолжать идти по пути доброму. Путь добра труден, но он того стоит. Надо искать доброе, тогда добро всегда побеждает. Добро может победить все: и обиды, и зло. А если люди с раннего возраста перестанут идти по этому пути, то они никогда и не будут верить в добро. Интегрируя все эти доводы, получаем, что мир исходит от сердца человека.

Человек должен хранить мир в сердце, чтобы мир, в котором мы живем, был благополучен для нас. Ведь не все бы захотели жить в своем сердце, где боль, несправедливость, где нет новых знаний, где люди трусливые и т.д. Мир, в первую очередь, нужно начинать с себя...

2014 ЖЫЛЫ 1 ҚАЗАН-1 ЖЕЛТОҚСАН АРАЛЫҒЫНДА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚ ЖАЗУШЫСЫ ӘЗІЛХАН НҮРШАЙЫҚОВТЫҢ СТИПЕНДИЯСЫ ҮШИН ЖАРИЯЛАНГАН «АДАМ ЖӘНЕ ӘЛЕМ» ӘДЕБИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БАЙҚАУЫНДА ҮЗДІК ДЕП ТАНЫЛҒАН ШЫҒАРМАЛАР

Жорабай Темірлан Сейітқасымұлы
temirlan_zhorabay@mail.ru

Сүлеймен Демирел атындағы университет,
Филология және педагогика ғылымдары факультеті,
Қазақ филологиясы және журналистика кафедрасы.
Жүлделі I орын.

СІЗ БЕН БІЗ

*Алаш айбынды ұраны, Қасиетті Құраны,
Алаштың олар құрбаны, Мен жастарға сенемін!
Әбділ-Мағжан Жұмабайұлы*

Дұғалық оқып дуалы аузы бабамның,
Артқандай бізге салмағын құллі ғаламның.
Бұл – сенім серті – ұраны болды ұлттымың,
Жүреккө койған сұрагы және санамның...

Алапат күшім, қайдасың, қайсар қайманам,
Ғаламатпысың ғасырдың өзі сайлаған?
Кім еken олар – сөзінде жалын жалқыған?
Кім еken олар – көзінде оты ойнаған?

Ерлердің ерен сарқыты ма еken ежелгі?
(Көзінен, бәлкім, сөзінен сиқыр сезермін)
Қыраны еken қанатты қайсы ғасырдың?
Құраны еken оқылар қайсы кезеңдің?...

Заманның тұлкі тірлігі болар бұлғақ тым,
Жаһанның жалқын жүзіне қарап сыр бақтым...
Кім еken олар – кеудесі нұрлы құн текті,
Зенгір көктерді зәрінен сақтар зұлматтың?

Саналы жүртпышсының сақтар асылдың.
Осынау ойшыл қасиетін-ақ бас ұрдым.
Жолсыздау жолдың жұлышының үзбей жалғайтын,
Ақпанаң таңы атқандай алтын нәсілдің...

Рахмани рухым, саманжол^{*} санам, солмағын.
Болашақ, білем, сенде бір сүрлеу жол барын.
Келешектердің нұрлы нәсілі сен болсан!
Қаранды көрсет, қатарда жүрген оғланым...

Дәл Мағжан айтқан арыстан болсаң айбатты,
Қасарыс мінез қабылан болсаң қайратты...
Аяңба сен де тарылған жолда тайғақ тым,
Құдіретінен құлатпау үшін байрақты.

Тірліктен теңдік, бірліктен үміт үзбеніз...
Хақ бүйрек келсе бірігеді ғой Құз бен Құз!
Ұрандал Алаш, қақ жарып қара түнекті
Атойға салар – бөтендер емес...
Сіз бен Біз!... Сіз бен Біз!... Сіз бен Біз!...

^{*}Саманжол – шүгылалы, нұрлы жол, құс жолы...

*

АТАДАН ҰЛ ТУСА...

Кеудеме сыйлар киелі рухты күш-ағын,
Даригам еді даладай дархан құшағын.
Асқардай әке, сені аңсап барып ауылға,
Қасқайып тұрған құлпытасыңды құшамын.

Өлген жоқ әлі, сөнген жоқ әлі шырағың,
Бір еркек кіндік тірлікте жалғыз тұмарың.
Мауқымды басам аймалап мәрмәр молаңды,
Егіліп дүғам, төгіліп аят-құраным.

Пешенесінің желбіреп ерке тұлымы,
Тәнірден тілеп тудырған ұлың тірі жүр,
Жандырмақ үшін сен жаққан отты мәңгіге,
Қалдырмақ үшін артыңда өлмес ұлы жыр.

Балалық бітті, таусылды тәтті бал-қаймақ.
Қанатты қақтым жырақтан іздел маңдай бақ.
Қабагы жардай, талабы таудай ұлыңның
Тілеуін тілеп шеше де қалды шалғайда.

Күтіп тұр мені асулар, шындар, қыраттар,
Арман бар менде, менде де асыл мұрат бар.
Аманат еттім Қаратаудайын қартыма,
Ку сүйегімді қалдырың деме жыракта.

Біздің ауылдың жазындағ аптаң ойменен
Талпынып келем тудырмақ болып ойлы өлең.
Құтқарып қалар қазақтың күнін құрдымнан
Қаһармандайын кеудені керем кейде мен.

Кейде мен ермін – қалықпан болып ұшамын,
Кейде мен езбін – қанаты сынған құсамын.
Кейде мен, әке, сүріне берем қайталап,
Баладай болып кесілмей қалған тұсауы.

Кияда, өрде, жүрсем де желдің өтінде,
Шырағың болып сөнбеске мәңгі бекінгем.
Ұланды тудын ұлтан да болар ұлт үшін,
Қыранды тудын, өкінбе енді, өкінбе.

Ақиқат үшін алысар болсақ арландай,
Бұл қазақ үшін сірәда қалмас бақ жанбай.
Сен қуан, әке, ел үшін жортып мен өтсем,
Өлихан, Ахмет, Міржақып, Махмұт, Мағжандай.

Бір ұлы шындық бағзыдан жүртқа белгілі,
Қай заманда да ерлердің мұны – ел мұны...
Батасын берсін, анама аян қылғайсың,
Бисмилләны айтып, додаға түсем мен бүгін

*

АҚСАРБАС

*Қараңғылыштың көгіне
Күн болмаганды кім болам?!
Сұлттанмахмұт*

Алатау...
Мені шақырып едің,
Шақырып еді биіктегі.
Өлердей ғашық ақын ұл едім
Өзіндей төрге, биікке.
Алғалы түрған ақырғы демін
Ғаламға мынау – сәулесі сөнген, қүйіккен
Күн болу үшін
Алдыңа келдім асқарым,
Жаныма құллі жаһанның мұнын жиып мен.

Алдыңа келдім
Тәңірі тектес талабымменен,
Алауын шашып жанағымда өлең,
Алдыңа келдім
Уа, айбары асқақ алыптар елі.
Көкірегімді от қарып өскен,
Қанатым нұрға қақталып өскен,
Қаратрудың қара қалықпаны едім,
Томагам сонда ағытқан едім.
Нұрлы күн үшін өлермен болған кеудеме

Өлмestей өрлік дарытқан еді Қаратай...
Шындашы енді шайқастар үшін
Алдаспан етіп,
Тәнірден тілеп бата алған,
Илләни нұрдан жасалған
Шарыққа мені Алатау.

Уа, жалған, жалған...
Жетегіңе еріп жарапдар,
Құлағын түрмей құдайы сөзге, азанға,
Жасауда көzsіз қадамдар.
Құлқын мен нәpsі әбігер қылған әлемде
Қапаста қалып кетпеуі үшін адамдар,
Мен Муза болып отырайыншы төбенде,
Ақиқат болып оқылайыншы ғаламға.
Шыншылдығыммен,
Құлшылығыммен қайралған,
Сайтанға қарсы сайысқа түсіп семсерлер,
Ақиқат үшін атойға салар майданда
Қасарысуға қайратым жетпей сөнсем де,
Жанына орна басқаның барып,
Сен сөнбе,
Ей, менің ізгі шуағым!
Шынайы нұрды сезінбей жүрек, көз көрмей,
Қалмайды мына қапастағы әлем өзгермей.
Бақытты сол бір бұлқынған жүрек сезгендей,
Шығыстан туып шұғыла,
Бөленер Хақтың нұрына,
Ұлы бір күnnің туарын.

*

МАХАББАТҚА МАХАББАТ
(Шетаһат)

Жоғалған жылдардың, жаңғырған күндердің,
Мәнісі мен үшін сөнгендей.
Ошкендей жылуы оттардың, гүлдердің,
Өмірде махабbat өлгендей.

Айналған бір нұрлы, бір мұнлы бейнелер,
Өнім бе, өлім бе, түсім бе?
Адасып қиялым, рухым
Кейде мен
Жүремін бір тамүқ ішінде.

Іздеймін сезімдер көмілген көрлерден,
Қай сүмнан тапты екен зауалын?
Білмеймін... бір жерде махабbat жерленген,
Кім оның сөндірді алауын?
О, мендік махабbat, тануға мұрсат бер!
Күркірет кеуденді, күнірен!

Жүрегім жарықпен қауышып сол сэтте
Мен қайта оянам, тірілем...

Қайтадан күлгендей күллі әлем, тіршілік,
Сен болып тіл қатар аспан да.
Қайтадан сен жұзген бұлттарға құлшынып,
Асылам алып бір аскарға.

Жаңарсын ғаламым күнім боп сен күлші
Шұғылаңа бөлеши мың түрлі.
Сенің сөзің – менің жаңымның импульсі,
Мекені сенсің рухымның.
Сен... менің өмірлік үмітім – үкілі,
Ғұмыры мәңгілік,
Өлшеусіз.
Сенің демің – мендік жүректің лұпілі,
Ешкім де емеспін мен сенсіз!

Теміргали Қарлыға Нәсіпбайқызы
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Журналистика факультеті, 3-курс студенті
Жүлделі II орын

БАҚЫТ НЕГЕ БАҒАЛЫ?

Тағдыр жолдас қатуланса қабагы,
Қыз біткеннен мені айналып табады.
Жүрек неге сүйеді екен өртеніп?
Бақыт неге бағалы?...
Мойыл көздің мөлтілдеген сыры еді,
Мұны қандай?! (болар деген бір емі)
Мөлдір-мөлдір моншақ тізіп тамшыдан,
Мойыныма тағып кеткен кім еді?!
Не туралы ертегі айтам қаламға,
Оның өзі өлең үшін жаралған.
Көктем кетті сезім жайлы әуенін,
Сізге де айтып, маған да...
Тағдыр жолдас түйіп алып қабағын,
Қай жүректі жаралауға барады?
Махаббатың құны неге тым арзан?!

Бақыт неге бағалы?!

Маңдайын тасқа соққанша,
Қаттының сырын білген кім?!

Адасып жүріп, тапқанша,
Мен сізді сүйіп үлгердім.

Тұнгі аспан шамын жаққанша,
Түрлі де түсті күйге ендім.
Зу етіп жұлдыз аққанша,
Арманымды айтып үлгердім.

Қонатын басқа бақ қанша,
Соры да қалың... білгемін.
Күн ұясына батқанша,
Жоғалтып сосын үлгердім.

Мөлтілдеп моншақ жас тамса,
Әдемі құліп үйрәндім.
Қайтадан кірпік қаққанша,
Сағынып Сізді үлгердім.

*

АЛМАТЫНЫҢ ӘДЕМІ КҮЗІ ҚАНДАЙ?

Жүрек неге мұңайды Сіз ұғардай?!
Қыз көңілім көктем бол сызылардай.
Қызыл-сары жапырақ тіл қатады:
Алматының әдемі күзі қандай?!

Сары-сары сағыныш – сенбейсіз бе,
Қызыл-жасыл сезім ғой, көрмейсіз бе?!

Жыл құсында жылулық ізден кеткен,
Алматының күзінде келмейсіз бе?

Шық тұрганы-ай кірпікке, кетпеші еріп,
Сезім деген емделмес дерт деседі ел.
Қызға ауғаны көңілдің рас болса,
Алматының күзінде серттеселік!

Кетпесін тірлік-құрбымының ажары кеміп,
Біз деген сезім-патшаның мазағы ма едік?!

Жазамыз дедік махаббат туралы роман,
Өмірге өшпес тағдырды жазамыз дедік.

Сөнбесін шырақ үміті сезімнің бұдан:
Екеуміз қауышпайынша көз ілген шыдам.
Өзімнің кінәм – сен мені сүйе алмасаң,
Сүйе алмасам – тағы да өзімнің кінәм.

Бәрі де дұрыс басыңа құдай салғанның.
Мен саған сағат санатып ұнай да аламын.
Жылай салайын, егер сен сағындым десен...
Сағындым мен де... Сол үшін жылай салайын.

*

КЕМПИРҚОСАҚ

Бұғін бізге күз келмесе жарады,
Күздің мұңы тез келмесе жарады.
Мына аспанның жылағаны-ай егіліп,
Жүрегімді елжіретіп барады.

Жаз - жаз емес, жабырқау эн салады,
Маусым тағы мұңға оранып қалады.
Бұлт көзінен мөлдір тамшы үзіліп,
Жапыраққа тамады.
Жаз жауынның таба алмай қойды емін,
Мен тұрдым да Күн тілінде сөйлемдім.
Сосын Аспан сүртіп тастап көз жасын,
Киіп алды түрлі-түсті көйлегін.

*

ҚӨКТЕМ-БИКЕШ, ҚАЛАЙСЫЗ?!

Күн Батысқа ақпан болып еніп ед...
Көктем-Бикеш, қалайсыз?
Білесіз бе, осындай да құдірет –
Тоғысқаны тағдырлардың талайсыз.

Қадірменді Алматының қонағы,
Көктем-Ханым, мұз көңілді еріткен.
Бейтаныс бір бақытына ол әлі,
Сенбей жүр ме, келмеді екен неліктен?!

Соғатындай сағаттары ғасырдың,
Сүйгені үшін алаң көңіл, аланда.
Бақытымды қайда апарып жасырды?
Сізге сырын айтпады ма? Маған да...

Сарғайып кеткен неге дала мына?
... Мұн түсті, Ана, қызыңың жанарына.
Қуыршақ есейеді деп сенетін,
Балалығым алыстап барадыма?!

Уақыт енді жылдарды санатады,
Өмірдің «Өмір» деген бар атағы.
Өлдилеп ұйықтататын, айтып берші,
Мен туралы ертекті, Ана, тағы...

Кенжеқожаева Ақбота
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті

ak_bota555@mail.ru

Жүлделі III орын

КҮЗ ХАНШАЙЫМЫ

Күз. Барша өнір сары бояуға малынып, ал ағаштар жапырағынан айырылып жетімнің мүшкіл күйін кешуде. Жаздың жаймашуақ қунінде естілетін жайдары күлкі де естілмейді, гүлден гүлге қонып асыр салатын сан алуан көбелек те көрінбейді. Мұлгіген тыныштық. Көнілге құлазу орнатқан көнілсіз күз көрінісі Мұраттың еңсесін басып тастағандай. Түбі жоқ

тұңғызық терең ойға шомғандығы, оның кескін-кейпіне көз салған адамға бірден түсінікті болар еді.

– Оу, мырза! Неліктен сонша жабырқап отырысыз? – деген нәзік үн жайбарақат отырған Мұратты селк еткізді. Естігенді еркінен тыс елітетін дауыс иесі хор қызына бергісіз сұлу бойжеткен болып шықты. Белгісіз бойжеткеннің үріп ауызға салғандай көріктілігіне тамсанып, әрі өзі қамалған қалың ойлардың шырмауынан шыға алмай абырап қалған Мұраттың жауабын күтпестен-ақ:

– Түсінікті! Көңілсіз күздің жадағай көрінісі сізді тым жабырқатып жіберіпті ғой. Дәл қазір өмір де сізге сұрықсыз кейіпте. Солай ма?! – деді бойжеткен. Мұрат әлі үнсіз. Ал белгісіз бойжеткен «сіздің жауабыңыз қажет емес, барлығы маған айдан анық» дегендей тағы сөйлей жөнелді:

– Адамдар осы неге қызық? Өзінің жан-дуниесіндегі жайсыздықты құллі ғаламмен байланыстырып жіберуге шебер-ақ. Әне, қараңызшы! Керемет емес пе? Жапырақтар сыйдыр-сыйдыр етіп Қара жерді құшып жатыр. Жер-Анасымен сағыныса қайта қауышу олардың бақыты. Қарапайым ғана нәрсенің өзінен бақыт табуға болады. Тек айналызыға зер салып қараңызшы. Ағатай, ол көңілсіздік күзде емес, Сізде. Сіздің жаныңызда, жүргегізде, - деп сыпайы ғана жымып кете барды. Мұрат үйқыдан енді оянғандай белгісіз бойжеткен қасынан ұзағанда барып, есін жинап:

– Сұлу қыз! Есіміңіз кім болады? – деді.

– Күз ханшайымы! – деді бойжеткен өзіне жарасымды сиқырлы құлқісімен сыңғырлай құліп. Қоңыр күздегі бақтың таңғажайып көрінісін тамашалап жүрген тылсым арумен бірге оның сиқырлы құлқісі де ұзай берді.

«Күз ханшайымы! Ғажап! Ханшайым десе ханшайым. Әлемдегі бүкіл ханшайым менен ханшалар оның сұлулығымен теңесе алмас», Мұрат осылайша «Күз ханшайымының» сұлулығына арбалды да қалды. Әп-сәтте көңілі көтеріліп, жаны жадырап шыға келді. Енді оған төніректің бәрі сұлулыққа, шаттыққа тұнып тұргандай көрінді.

Көшө толы сапырылысқан адамдар. Толассыз жүйткіп жатқан көліктер. Қайнаған қызу өмір, қым-қуат тіршілік кешкен қала. Сол алып қаланың әлденеге асығып-аптығып келе жатқан тұргындарының ішінде Мұрат та бар. Қаранды түспей тұрып үйге жетіп алайын деген оймен ол аялдамаға бүрүлді. Қылыштан өте бергенде Мұраттың құлағына:

– Жас жігіт, гүл сатып алыңыз! – деген гүл сатушы апайдың дауысы шалынды. Мұрат гүлдерге назар аударды. Жер бетіндегі барша нәзіктік, әсемдік атаулыны өн бойларына сіңірген қызылды-жасылды гүлдердің қайсысын тандарын білмей тұрган жігітке сатушы:

– Міне, мына раушанды ала қойыңыз, – деді.

– Осыны алсам алайын, – деп Мұрат ақшасын ұсынды. Саудасының жүргеніне көңілденген апайдың жүзіне қуаныш үйіріле бастады.

– Рахмет сізге, жас жігіт, – деді ол Мұраттың артынан дауыстап. Қолына гүл ұстаған, жүзі бал-бұл жайнаған жас жігітке аялдамадағы адамдар қызыға қарасты. Сірә, сүйіктісіне асыққан бақытты жан болар деп ойлаған шығар. Жұмыстан шаршап-шалдығып автобусты шыдамсыздана күткен жолаушылардың арасында үнсіз ғана жылап отырған жеті-сегіз жасар қыз бала да Мұратқа бір қарап қойды да, жылауын жалғастыра берді. Бұл бұлдіршінді Мұрат та байқаған болатын. Аса мән бере қоймап еді. Аялдамадағы жандардың ішінен қызды жұбатқан біреуі болмады. Адамдардың осынша тасжүрек, безбүйрек қылыштарына таңданған Мұрат жылауын әлі дөғармаған бұлдіршінің қасына келіп отырды.

– Балақай, не болып қалды? Айта қойшы, неге жылайсың? – деді ол періштедей балдырғанның жанарынан сырғып жатқан моншақтарды қолымен сүртіп. Бұлдіршін қыз ештеңе айтпаймын деген сиңай танытып басын шайқады.

– Жарайды, қаламасаң айтпай-ақ қой. Ал мынау саған, – деп Мұрат раушанды оның қолына ұстатьып, шашынан сипады.

– Анашым әкеммен үрісіп қалды. Анашым көңілсіз. Үйге барғым келмейді, – деді ол қолындағы раушаннан көз алмаған күйі.

– Егер мына гүлді анашыма сыйласам, ол әрине, сөзсіз көңілденеді. Солай емес пе ? – деді ол жымиып. Мұрат балдырғаның езуіне күлкі жиналып, көңілденіп қалғанын аңғарды.

– Әрине солай! Тек сен ендігәрі жылаушы болма, келістік пе ?! – деп Мұрат орнынан түрді. Кішкентай бүлдіршін де көз ілеспес шапшаңдықпен сәкіден түрып, жүгіре жөнелді. Кенет есіне бірнәрсе түскендей кілт тоқтай қалды .

– Ағатай, рақмет! – деді ол артына бұрылып. Қолын екі-үш бұлғады да, қайтадан зымырай жөнелді. Жаңын мұн торлаған анасына қуаныш сыйлауға асыққан болар. Кішкене бүлдіршіннің кеудесіндегі құртақандай жүректің үлкен мейірімділікке толы екеніне қызығып қарап түрған Мұратты аялдамадағы жолаушылар өзара күбірлесіп сөз ете бастады.

Мұрат автобустан түскен кезде күн де қызарып, ұясына орнығып жатты. Көшеде бірді-екілі қарандыған адам болмаса, күндізгі шу бәсендереп қалыпты. Күзгі кештің тынық ауасын көкірекін кере тыныстап дем алған Мұратқа егде тартқанмен еңсесін тік ұстаған ер кісі таяй бере:

– Інішек, жақын маңда дәріхана бар ма? – деді. Мұрат осы маңдағы ең жақын дәріхананың атын атап, барап жолды нұсқап, егжей-тегжейлі түсіндіріп берді.

– Рахмет, – деді бейтаныс кісі Мұраттың арқасынан қағып. Арқасына тиген қолдан Мұрат әлдеқандай өзіне таныс бір жылулықты сезді. Бала күнінде әжесі арқасынан жиі қағушы еді. Бір сәт оның көз алдына балалық балғын шағының бал күндері елестеді. Шіркін, балалық бекетіне билет сатылса ғой! Ересектердің өміріне әбден тойған Мұрат, қамсыз бала күніне оралу мүмкін болса ештеңін ойламастан, балалық патшалығына бет алған болар еді. Бірақ, әлемнің түкпір-түкпіріне, тіпті ғарышқа, өзге планеталарға да билет сатылғанымен «Балалық патшалығына» жол мәңгілікке жабық! Ересектердің маңдайына ол патшалыққа тек сырттай бақылап, сәбілердің шат-шадыман күлкілеріне қызығып қарадағана жазылған.

Соңғы уақытта достары да, жақындары да Мұратқа «сен бір түрлі сұық болып кеткенсің, үнемі көңілсіз жүресің» деп жиі айттып жүр еді. Өмірі таусылмайтын тіршіліктен бас көтермей кеткен Мұрат расында жан-жағына байыппен назар аударуды ұмытқан тәрізді. Бүгін оған дүние өзге сипатқа енгендей, барлығына таңданыспен қарайды. Қарапайым адамдардың алғысын арқаламағанына да көп болыпты. Бір ауыз сөздің өзі де адамды осынша бақытқа бөлей алады екен-ау! Иә, бүгін көшеде кездескен адамдардың барлығы да рақметін айтуда болды. Неліктен, менің барлық күнім осылай алғысқа, бақытқа толы болмайды екен? Айтпақшы, мен де біреуге алғыс айтуда қарыздармын ғой. «Рахмет! Рахмет, саған, Күз ханшайымы!» деді Мұрат іштей күбірлеп. Өз ойымен өзі арпалысып терезе алдында түрган оған түнгі аспандағы ай да жымиып, алғыс айттып түргандай көрінді.

Мүмкін, біздің де алғыс алуға және айтуда асықканымыз жөн болар!

Алпамыс Файзолла

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Журналистика факультеті, 3-курс студенті

Alpan_batyr@mail.ru.

Бінталаңдыру сыйлығы

ҚЫРАН МЕН ҚАЗАҚ

Үйренбесін деп үрпағы жасуға,
Тәрбиелеп өткелдерден асуға.
Жұмыртқалап кәрлі қыста қақаған,
Ана-қыран асықпайды басуға.
Осы арқылы төзім сырын ашады,
Тумай түрып сынақ зәрін шашады.
Тек көктемде аяздарда шытынап,
Жарылмаған жұмыртқасын басады.

Қайтпас рухы жараптандай алаудан,
Көре аласыз қыранды сан жалаудан.
Ештеңеден қаймықпайды,
Көзі де –
Қаймықпайды күнге тіке қараудан.
Бірге жүріп соңғы демі өшеді,
Бұдан лебі адалдықтың еседі.
Жұптасқан соң,
Қырандар да
Ақкүдай –
Өле-өлгенше бірге тірлік кешеді.
Тимегенмен әлсіз құсқа, ұсаққа,
Күш аздығы шын өжетті тұсап па?!
Өз аумағын жат жыртқыштан қорғайтын,
Қыран кейде шабуылдар ұшаққа!
Осы үшін жырланды сан өлеңде,
Дегендейін: «Енді қор боп өлем бе?!».
Қайрат қайтып, әл біткенде қыран құс,
Заңғар көктен құлдилайды төменге.
Қырандарша қалықтауды қалаймын,
Көре қалсам, сүйсініп мен қараймын...
Қыранның көп қасиетін осындаї,
Тектілік пен асылдыққа балаймын.
Бұл – өнеге, әрбір келер буынға,
Іске кіріс, белді бекем буын да....
Бірақ біздің қазақ та осал емес-ау,
Қыран құсты бейнелеген туында!..

*

ЖАН РАХАТЫ

Қолданған соң тұнғиыққа бойлайды,
Құмарына оңайлықпен тоймайды.
Амал нешік, жан рахатын кейбіреу,
Есірткінің уында деп ойлайды.
Дұрыс бағыт көрсетіңіз сіз, мейлі,
Ақыл-ойдың таразысын тұзбейді.
Жан рахатын кейбіреулер шаралтан,
Кейбіреулер темекіден іздейді.
Нұрдан құнын артық көріп несептің,
Әрекетін қайталап жүр есектің.
Әттеген-ай, жан рахатын кейбіреу,
Ләzzатында деп ойлайды төсектің.
Мәрттік атты нұрлы көшке ерсе игі,
Мұның бәрі адад жолмен келсе игі.
Өкінішті-ақ, жан рахатын көп адам,
Байлық, атак, мансаппенен өлшейді.
Алайда олар шын ләzzаттың шегі ме?!

Нұрлы шуақ шашар ма еken көгіңе?
Жан рахатын емес бірақ бәрі де,
Жан азабын әкеледі көбіне.

Еткен игі, жақсы ісіміз аз неге?
Саяап жимай, болып жүрміз мәз неге?!
Білместікпен адаспайық хақ жолдан,
Бауырлар-ау, жан рахаты – сәждеде!..

*

АЛМАТЫҒА

(Көктөбеде туған жыр)

Шалқар шабыт сыйлаған жыр - Алматы,
Жастығымның күесі гүл - Алматы.
Жырақ жүрсем әрдайым сағынатын,
Маған оттан ыстық қой бұл Алматы.
Анау жерде құрбыммен ән салғанмын,
Анау жерде көркіне тамсанғанмын.
Достарыммен үйқысыз тұнді өткізіп,
Анау жерде ақ таңды қарсы алғанмын.
Жүргіме сөнбейтін алау жаққан,
Неге елеңдей беремін анау жаққа?!

Сол арумен соңғы рет кездескенмін,
Махаббаттың мекені анау бақта...
Лапылдаған сөнгер ме жастағы арман,
Күтіп тұрса тек ашық аспан алдан.
Анау заңғар шындарға қарап тұрып,
Жас кеудемде тұтанған асқақ арман.
Жыр маржаның тереңнен теремін мен,
Шашу шашам халқыма өлеңіммен.
Ей, Алматы! Өзімнің биғіме,
Сен сыйлаған жалынмен келемін мен!
Ажарына сүйсініп алап-қырдың,
Бұл мекенді жұмаққа балап тұрмын.
Көктөбеден ойдагы ару қала –
Алматыға ойланған қарап тұрмын...

*

ҚАЗҰУ-ДЫҢ 80 ЖЫЛДЫҒЫНА

Көктің өзі көркінмен таласып па?!

Армандарға тұрасың жол ашып та...
ҚазҰУ-ды алғашқы көргеннен-ақ,
Мен ғашықпын осынау қалашыққа.
Жаздықұні – көкте күн күлгендейін,
Патшалардың бағында жүргендейін.
Тұлқі, тиін, құс әні –
Күй кешесін
Бір ғажайып орманға кіргендейін.
Сарсанға да түсер ем алыш-ұшып,
Сағ алтыннан қымбатты бағың үшін...
Сары күзде жапырақ жауған ҚазҰУ,
Студенттің маздатар сағынышын.
Қызғалдақтар қырдағы семіп еді,

Қаһарлы аяз шуақтан жерінеді.
Қар жамылған қалашық қыстығұні,
Қалғып кеткен сияқты көрінеді.
Қatal қыстың қоштасып ызғарымен,
Ғашығыма бұл кезде жүз барып ем...
ҚазҰУ сұлу көктемде құлпырады,
Гүлдерімен және де қыздарымен.
Неткен ғажап көрініс, кескін еді,
Көп адамдар қадірін кеш біледі.
Жаны жалын жастардың
Әр кеш сайын
Жанға жайлы әндері естіледі.
Қозы-Баян деген бар лақап ат та,
Шаттық пенен осында шапағат та.
Қол ұстасып ғашықтар кетіп барад,
Мадақ айтып жастық пен махаббатқа.
Алақайлас шаттанар келді құнің,
Тойламасақ ұят-ты енді бүгін.
Сан өренге тәрбие-тәлім берген,
ҚазҰУ ата сексенге келді бүгін!..

*

СЕҢІ СҮЙЕМ, МЕНТАЙ!!!

Махаббатың алтын дәнін егіп біз,
Ғашықтардың қатарына еніппіз...
Жалықтың па, неге екенін білмеймін,
Түсінісе алмай жүрген едік біз.
Шырмауына тұстім де мен қылнның,
Ұғынысар амал таппай күйіндім...
"Сені сүйем, Ментайым" деп
Бояумен
Дуалына жазып кеттім үйіңің.
"Ойланbastan неге қылдың бұл істі?!"
Одан гөрі сүймегенің дұрыс-ты! -
Деп сен маған өкпеледің, ренжідің, -
Өшір бүгін! Өшір ағам ұрысты!"
Ойсыз болған қадамымды кешпедін,
Түсінбеймін әлде бәрі кеш пе еді?!"
Қабырғаға мықтап бояу сіңіпті,
Үш тұн барып әурелендім,
Өшпеді.
Қуантпақшы ем, одан бірақ не тынды?!"
Сағым сынып, Жігерім де кетілді...
...Жүректегі махаббатым өшпейді,
Өшпей қойған сол бір жазу секілді..."

*

ӨЗГЕРІПСІҢ

Өзгеріпсің, сен бүгін өзгеріпсің,
Мен өзіңе айтамын көз көріп сын...
Тани алмай жүрмін мен ғашығымды,
Өзгеріпсің, сен қатты өзгеріпсің.
Жаны дерпті ару ең, көзі мұнды...
 Тағатынды тауысып, төзімінді.
Ұмыттың ба, мәлдіреп қос жанарың,
Қарайтынсың айта алмай сезімінді.
Пенделіктің түстің бе аранына?
Ақыл кірмей өмірдің сабағынан...
Ұмыттың ба, бір кездे ұнау үшін,
Қимылдаушы ең қарап қас-қабағыма.
Қысқа, жалған сезімге құнықтың да,
Өзге жанның құшағын жылыттың ба?
Күдер үзбей, арманмен күрсінетін,
Сол бір мұнды шағынды ұмыттың ба?!
Өкпелемен мен саған, өкпелемен,
Жүргімде сызат жоқ өкпе деген...
Жайрандаған жанымның жайлауында,
Бүршік атып, ескіндей көктеді өлең...
Өзгеріпсің, сен бүгін өзгеріпсің,
Мен өзіңе айтамын көз көріп сын...
Тани алмай жүрмін мен ғашығымды,
Өзгеріпсің, сен қатты өзгеріпсің!

Зейноллақызы Мереке

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті,

3-курс студенті

mereke_and_azia@mail.ru

Ынталандыру сыйлығы

СЕНИҢ КӨЗІН...

Көзің қандай,
Қарай бергім келеді көзімді алмай.
Сары дала көшінен іздей берем,
Сол жанардың иесі жолығардай.
Көзің сенің,
Жібереді сейілтіп көніл сенін.
Арманым да жоқ шыгар атқан таңнан,
Сені көріп, жарығым, өрілсе күн.

Мәлдір көзің,
Айтатынын айта алмай солды төзім.
Шіркін, шыдам шөлдетіп, шалындырды,
Қинағасын жүректі сол бір сезім.

Көзің неткен,
Неткен ғажап жүректі көнілді еткен.
Сар далада сағыныш еслігенмен,
Сені көріп жайқалады көніл-көктем.

Жаным, күнім,
Сенсіз мына өтпейтін тарылды күн.
Дауылменен қосылып көніл мұздап,
Жауынменен қосылып ағылды мұн...
*

ЖАПЫРАҚТАРҒА СЫР

Жапырақтарға айтам... сап-сары жапырақтарға,
Мұңымды үйқы ұрлаған асып ап таңға.
Кезіккенде көрмейтін көнілдің жасын,
Сенен асқан ғаламда ақымақ бар ма?!

Өуеніңе салады жел де сенің,
Қара аспанда – менің жаным, жерде – сенің.
Көкті жапқан бұлттан тамшы болып
Ұнатпасам өзінді келмес едім.

Мен тамшы боп үзілдім көкten жеріп,
Көнілімнің күй-мұнын төккім келіп.
Мен тамшы боп үзілдім қара аспаннан,
енің, күнім, жүзінді өпкім келіп.

Менің жаным садаға жаның үшін,
Шара бар ма сөккенмен тәңір ісін.
Табаныңың астында таба болып,
Жатыр менің сарғайған сағынышым.

Сен дегенде – загиппын, көнілім – керен,
Таусылмайтын қара шер, төзімім терен.
Дірілдеген үмітті тым үсінген,
Жүректегі мұңымды жүрегің сезер.
*

ЖАЙ ҒАНА

Көнілімде сезім боп өрімеші,
Сағынғанда тамшы боп төгілмеші.
Кеудедегі қамалды босатдағы,
Сен жай ғана көзіме көрінбеші.

Мың сабылған сананы сенделтпеші,
Сағым арман құштырып, серметпеші.
Онсыздағы таңы-мұз, кермек-кеші.
Жалған мені жұбатып тербетпеші,

Тұңғиығын шарлама ойдың терең,
Сен жай ғана жолымнан кездеспеші.

Сағымсың-құнімнің, тұнгі-елесі,
Жүрек санап келген-ау кімді егесі.
Шымшылама шыдамды шырман жүрген,
Сен жай ғана қезіксең, сөйлемеші.

Мені адам деп көргенде санамашы,
Солай ғашық жүректі жазалашы.
Жалғыздыққа қама да, жөнеле бер,
Сен жай ғана көзіме қарамашы.

Бөгемеші өмір-өзен ағысымды,
Білем, сезем сенің менен алысынды,
Ұмытайын көңілден сзыпдағы,
Сен жай ғана естіртпе дауысынды.

Алыстай бер, ойлама, жүре бер де,
Мені, құнім, қалдырып күрен белде.
Сағындырып жүректі содан менің,
Сен жай ғана түсіме кіре берме.

Мұң-сырымнан осылай ағады өлең,
Мен жай ғана сүйген ем...жаралы емен.
Кезікпеші, жарығым, мен өзіне,
Көрсем... сезем... ғашық боп қала берем

*

СЕН ШЫҒАРСЫҢ

Сүрер ме едім жабырқаулы өмірді егес,
Жұбататын жүректі төзім де елес.
Көкейімді шымшылап... сен шығарсың,
Көңілімнен шықпайтын мөлдір елес.

Өмірімді сағыныш дейтін құз ғып,
Сабылдырып өтуде күйкі тірлік.
Жанарыма ұялап... сен шығарсың,
Тұн ұйқымды ұлаған ұйқысыздық.

Тағдырымның тұманды тақымысың,
Жабыгулы жалғанның сағымысың.
Мұңын шағып, үгіліп... сен шығарсың,
Кірпігімнен үзілген сағынышым.

Балқымбаева Айдана
Сүлеймен Демирел атындағы университет
Филология және педагогика ғылымдары факультеті
Ынталандыру сыйлығы

ОЖДАНҒА ХАТ

Сені көрмегелі көп болды. Сағынып кеттім. Көшедегі адамдардың жүзінен, кездескен жанның көзінен, сөйлескеннің сөзінен сені іздейтін болым, Ождан. Бірақ, сені сирек көремін. Жақында сенің маған, адамдарға қаншалықты керек екенінді түсіндім...

Күн көкжиектен аунап бара жатты. Поезд ауыр күрсініп алды да, жүріп кетті. Заттарын қойып, жайғасып алған жұрт енді асықпай шәй үстінде үзенгілес достарынан жөн сұраса бастады. Маған қарсы әже мен бастауыш сыныпта оқитын немересі, үстімдегі сөреге жас жігіт орналасыпты. Әдеттегідей, алыс жол алдында қалаға қимастықпен тағы бір қарадым. Қаланың күйбеніне ұйыған назарымды баланың саңқ еткен даусы өзіне бұрды.

– Сіздің атыңыз кім? – Өзі менің төсегіме отырып алыпты. – Менің атым – Азамат. Сіздің атыңыз кім деймін.

– Айдана.

– Ал сіздің? – бала арғы жағында отырған жігітке қарады.

– Еркін. Танысқаным қуаныштымын. Үйлеріңзге қайтып бара жатырсыздар ма? – деп, жігіт үшеуімізді көзімен шолып шықты.

Әжесі немересін алып, Астанаға қыдырып барады екен. Мен үйіме, демалысқа. Азаматтан нешінші сыныпта оқитынын сұрағанымда, төртіншіні бітіргенін айтты. Сабақ оқығанды жақсы көреді екен. Әсіресе, мемлекеттер мен астаналарды жаттағанды. Бір-екі сұрақ қойып менің де географиядан алған білімімді тексеріп қалды. Әжесі немересін мақтаныш тұтады.

– Ал мен әскерден келемін, – деді жігіт. Ешкім сұрамаса да әңгімесін бастап кетті.

«Бір жыл әскерде болым. Маңғыстауда. Шекарада. Ол жақтың күні ыстық болады екен. Шөл дала. Іздесен де бір тамшы таза су таппайсың. Шекара түбіне тастап командирлер апталап жоғалып кетеді. Қолдағы суды барынша үнемдейміз. Барының өзі жылып кетеді. Камаздың көлеңкесіне қоямыз. Оның да пайдасы шамалы. Бір апта болғанда қолымызды су қоры да таусылады. Амалсыздан бақа жүрген лай суды тұндырып ішеміз»

Ішімнен ел іргесін күзетуде мұнша қындық көрген жігітке сүйсініп отырмын. Жігіт әңгімесін әрі жалғады.

«Бірақ соңғы екі аптам жақсы өтті. Қазақстанға шет елдерден келетін поездардағы адамдардың құжаттарын тексеретін болдық. Міне, нағыз өмір. Тексеріс басында біз жүреміз, сонымыздан командиріміз еріп отырады. Мен ең алдына өтіп кетемін. Сөйтіп, командир келгенше құжаттары жоқтар ақша, телефон, құнды заттарын беріп құтылады. Күніне ең аз дегенде он мың жинайсың. Жақсы болды. Керек-жарағымды түгендедім. Жігіттерге естелік альбом жасатып алдым, салтанатқа киетін әскери киім алдым. Көрсетіп анамды қуантайын. Тағы қалған ақшаға Алматыға келіп қыдырдым, киім алдым...»

Жігітсұмақтың одан кейінгі әңгімесін естімедім. Ести алмадым. Бойымды жиіркеніш билеп кетті. Неткен азғындық! Өзінің өлермен күйімен мақтанады. Елін, анасының үмітін, аталарапының аманатын сатқан жетесіз жігіт әлдеқашан ұйықтап кетсе де, желкемде қақсан тұрғандай болды.

Бір ардагер немересіне: «Мен сендер үшін соғыспадым. Сендер ол кезде болмадындар. Болсандар, немістерге беріле салар едім. Сендердей санасыздар үшін соғысқанша, өлген артық» депті. Ел басына құн туса, елдің «Еркіндері» бодандыққа бас иіп жатқанда, бұрымдылар қолдарына қару алып жауға қарсы шығар деген де ой келді.

Ождан! Сол кезде сен жетіспедің... Сені сағындым... Еркіннің де көздерінен сені іздегем... Таппадым...

Таң ата туған топыраққа аяқ бастым. Поездан түсіп бара жатып, «Еркіндерге» құнімізді қаратпасын деп тілеп, «Азаматтардан» ұлтын сүйер азаматтар шығар деген үмітпен кеттім.

Ождан! Сен ертерек келші? Әйтпесе өзегін ойлап, қарнын сипаған жұрттан баз кешкендеймін... Келші тез...

*

АРПАЛЫС

Жылай-жылай суалған жаңар сұрғылт терезенің ар жағындағы сұық қыстың демі біліне бастаған қоңыр күз бейнесіне қадала қарап қалыпты. Қараша құннің ызғары кеудесіне қоныс тепкендей, үнсіз ана бет әлпетінен ешқандай сезімнің ізі білінбейді. Жүрек түбіндегі алайдүлей дауылды тірі жан сезбестей.

Есік ашылып, аурухананың құнгірт бөлмесіне жаздың жарық сәулесіндей болып жылы жүзді, мейірімді көзді жас қыз енді. Ол – Жібек еді.

Апатаі, қалыңыз қалай? Өзіңізді шаршатпай, демалыңыз дегенім қайда? – деп сыңғыраған наз үнімен ана жүрегін елжірете сұрақтарын жаудыра жөнелді.

– Шаршамадым, балам. Рахмет, – дей берді ана.

– Мінеки, дәрінізді ішіңіз де, жатып демалыңыз. Кеш те батты. Біраз уақыттан соң қайтып келемін, – деп ерке қыз Керім апаның бөлмесінен шығып кетті.

Тағы да оңаша қалған жарым жан ойға шомды. Ақылына көркі сай Жібекті көргенде Жүрегінің терең қатпарында қалып қойған жараның беті еріксіз сыздайды.

Осыдан жиырма шақты жыл бұрын жесір қалған Керім, жан-жарынан қалған тұяғы – ұлы мен қызын өсіремін деп бәрінен бас тартқан еді. Құні-тұні, екі жерде жұмыс істеп жүріп отбасын асырады. Балаларын жеткізді. Қызын қияға қондырды. Ұлын да үйлендірді. Көрер көзге көрікті, сүйкімді келіні бар. Алайда, сол сүйкімділіктің астарында не жатқанын байғұс ана сезбеген де еді. Арада бір ай өтпей-ақ жас келін үй ішінде шу шығарып, ұлына енесінің қатал мінезді, жан баласына жақпайтындығын айтып «жылайтын» болды. Ақыры бұл «тозаққа» шыдамаған ұлы отыз жыл алақанында аялаган анасын отыз құндік әйеліне айырбастап, қарттар үйіне тапсыруға бел буыпты. Ана жүрек қайтсін? «Қарғайын десем, жалғызым» деп қала берді. Ішінен жеген уайым мен қайырымсыз балаға деген өкпе, тарқатылмаған шер Керім апаны аурухана кереуетіне таңды. Осы жерде ол жайдары жүз Жібекпен танысты. Оны әр көрген сайын, «шіркін, келінім басқа емес, сен болғанда» деген ой шырманп, өткен күнге деген өкініш одан сайын өзегін өртей түсетін. Қазір де сол сезім бойын билеп алған.

Кенет ана жүрегіне найза қадалғандай сезімде болды. Ауырып барады. Ақ киімді біреу өзімен әкетіп барады. Қорқынышты...

«Бақытты бол, балам...» деді әлсін. Ақырын кекжиекті тасалай батып бара жатқан құннің соңғы нұрымен ана жанарының соңғы сәулесі сөнді. Терезе алдындағы теректің соңғы жапырағы үзіліп түсіп бара жатты.

Жоқ енді қорқынышты емес... Тыныштық... Жан рақаты... Жанын жұпар иіс аңқыған құтыға салып қойғандай. Керемет сезім. Бұл сезім енді мәңгі қалады...

«Жоқ! Мүмкін емес! Құдайым-ау, анамнан айырдың, енді анамдай болған жаңнан айырма?!» Жүргегі аласұрған Жібек дабыл қағылған бөлмеге қарай ұмтылды. Көз алдында бір бейне...

...Бөлме іші толы адам. Күбір-күбір әңгіме. Тесекте қимылсыз анасы жатыр. Кішкене Жібекті бейтаныс адам қолынан жетектеп, анасынан алыстата берді...

